



**SUICIDKE
SAYSY DEŃGEYDE
KÖŃIL BÖLİNU
KERЕК**

3-бет



Қуатбек СМАҒҰЛОВ,
«Талғар су» шаруашылық
жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорнының директоры:

**«MİNDETİMİZ –
ХАЛЫҚТЫ САПАЛЫ
СУМЕН
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»**

4-бет



ХАЙУАНДАР

8-бет

ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№8 (3539) 31 қаңтар 2023



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

**Медет Халықов, Түркістан облысы
Дін істері басқармасының «Дін
мәселелерін зерттеу орталығы»
КММ директорының міндетін
атқарушы:**

**«ДІНИ БІЛІМДІ
КӨТЕРМЕЙ,
ДЕСТРУКТИВТІ
ИДЕОЛОГИЯҒА
ТОСҚАУЫЛ ҚОЯ
АЛМАЙМЫЗ»**

**– Медет Мұзапбарұлы, елдегі
діннің бүгінгі ахуалы қандай?**

– Еліміздің дін саласындағы негізгі мәселелері дәл қазіргі таңда құқықтық, ұйымдастырушылық тұрғыдан бір қалыпқа салынды десек болады. Бірақ әлі де «қап, әттеген-ай» дейтін дүниелер бар екендігін жасырмауымыз керек. Солардың ең негізгісі қоғам арасында түрлі бүліктер шығарып, отбасылық және туысқандық қарым-қатынастың үзілуіне, мешіттерде имамдарымызға бағынбайтын, ұлттық құндылықтарымызды дұрыс емес деп, мансұқтап жүрген ағым өкілдеріне заң шеңберінде, құқықтық тұрғыдан ықпал ету мәселесі кемшін. Діни ағымдардың халық арасында лаң туғызып, түрлі теріс әрекеттерге жол беріп жатқандығын көзіміз көріп, құлағымыз естуде. Елдегі түрлі лаңкестік оқиғалардың басы-қасында осы ағымдардың болғандығын ресми органдар жариялаған болатын. Бұл мәселенің түйткілін заңға сәйкес шеше алсақ, дін саласындағы басты проблемалардан біршама арылған болар едік. Діни білім алу мәселесі де қай уақыт болмасын күн тәртібінен түспеген тақырып. Елімізде ЖОО-да арнайы дін саласы бойынша мамандар даярлануда. Атап айтқанда, Астана қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және «Нұр-Мүбәрәк» университеті, облысымыздың орталығы Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті исламтанушы, дінтану, теология салалары бойынша мамандар дайындауда. Дәл қазіргі таңда аты аталған оқу орындарында жоғары білімді отандық және шет елден келген оқытушылар, профессорлар сабақ беруде. Ең өкініштісі осындай мүмкіндікті жастарымыз бағалай алмауда. Шет елдердің күмәнді діни оқу орындарына барып, сол жердің салт-санасын алып келіп, халықтың миын улауда. Діни білім беру мәселесін жандандырып, сауатты ұрпақ қалыптастыруымыз қажет. Осылай ғана біз түрлі пәлекеттердің алдына тосқауыл қоя аламыз.

(Соңы 5-бетте)

АҚ ОРДА

ЖОҒАРҒЫ СОТ ТӨРАҒАСЫ ПРЕЗИДЕНТ ҚАБЫЛДАУЫНДА



Мемлекет басшысы Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевті қабылдады. Төраға Президентке заң үстемдігін қамтамасыз етуге және сот төрелігінің сапасын арттыруға бағытталған сот реформасының жүзеге асырылу барысы туралы мәлімет берді.

Жоғарғы Сот төрағасы реформа жөніндегі ұсыныстардың шұғыл шаралар, заңнамалық бастамалар және ұзақмерзімді міндеттер секілді үш топқа бөлінетінін атап өтті. Шұғыл шаралар аясында міндетті түрде офлайн өткізілуге тиіс процестер үшін сот залдарын ашу, сондай-ақ, анағұрлым шетін салалар бойынша Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын жаңарту мәселелері жоспарланған.

Асламбек Мерғалиевтің айтуынша, істі сотқа дейінгі қарау сатысына – тиімді сот бақылауын енгізу, мемлекеттік сатып алу, салық салу және жеке сот орындаушыларының қызметі салаларындағы әкімшілік істердің қаралу мерзімін қысқарту

мәселелері жатады. Ұзақмерзімді жұмыс тәртібінде кешенді заңнамалық және ұйымдастыру шараларын әзірлеу қарастырылған. Қазіргі уақытта Парламент қарауында екі заң жобасы жатыр. Олар, сот төрағаларын сайлау арқылы таңдау тәртібін енгізуге, күштік құрылымдардың судьяларға қысым жасау жолдарын жоюға, Жоғары сот кеңесінің құзыретін күшейтуге және ювенальді соттардың қарауына жататын істердің аясын кеңейтуге бағытталған. Бұдан бөлек, қылмыстық процесте тараптардың жарыспалылығы қағидатын қамтамасыз етуге және заңды өрескел бұзғаны үшін судьяларды жауапкершілікке тарту механизмдеріне қатысты ұсыныстар әзірленіп жатыр.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы сот жүйесін одан әрі жетілдіру шараларын сапалы жүзеге асыру қажет екеніне назар аударды.

ЖОҒАРҒЫ СОТТЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

САРАП

ЗАҢНЫҢ АУДАРМАСЫНА АТУСТІ ҚАРАМАҒАН АБЗАЛ

немесе мемлекеттік награда қалай мемлекеттік «әшекейге» айналды?

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің қазақ тіліндегі түсіндірме мәтіні ақсап тұр. Сайттан Әділет министрлігі мен Заңнама және құқықтық ақпарат институты әзірлеген нормативтік құқықтық актілердің ақпараттық-құқықтық жүйесіндегі олқылықтарды көріп, басымызды шайқадық. Заңның қазақ тілінде жазылған нұсқасын жиі қолданбайды екен деп қазақ тілін дәл бұлайша қорлауға бола ма?!

Кодекс түсіндірме мәтінін мұқият қарап шықтық. Басылымда 2019 жылғы 1 қаңтарға дейінгі заңнама негізге алынған. Яғни, мұндағы біз қате деп тапқан аудармалар 3 жыл бойы жұрт назарына ұсынылды деген сөз. Бұған дейінгі заңдар мәтінінің сауатты тәржімаланғанына күдікпен қарап, сын, ескертпе айтатынбыз. Бірақ жабулы қазан жабулы кү-

йінде қалып, олқылықтардың орны толмағанына тағы да налып отырмыз.

Оқырманға түсінікті болуы үшін басылымға аз-кем тоқталған жөн. Бұл – практикада кездесетін дәстүрлі еңбек қатарына жатады. Бұрын Қылмыстық, Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару кодекстерінің түсініктемесі (комментарий) жарияланған болатын. Бұл да

сол бағытта жазылған еңбек. Көптен күткен қомақты еңбектің (мыңнан астам бетті құрайды) жарық көруіне қуансақ та, танысқан кезде көңіліміз су сепкендей басылды. Сөзімізді фактімен дәлелдеген дұрыс шығар.

Түсіндірме мәтінінде 816 рет «қылмыстың...» деген термин жеке баптарды түсіндіруге қолданылған. «Қылмыстық» емес! Орысша мәтінде «правонарушение» деп көрсетілген. Сонда авторлар Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасы (ҚР ӘҚБтК) бойынша қандай да болмасын іс-әрекеттің әкімшілік құқық бұзушылық болып табылатынын және сол үшін әкімшілік жауаптылық көзделгеніне, жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды

тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылатынын неге қаперге алмаған? Неге «қылмыс» терминін басқа мазмұнда қолданған? Иә, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтың айырмашылығын ашу үшін келтірілген зиян мөлшеріне қарай «қылмыс» деп қолдану негізді болсын-ақ, ал басқа жерлерде нақты әкімшілік құқық бұзушылықты «қылмыс» деп тану, атау бұл өрескел қателік.

Авторлық ұжымның осы ғылыми-практикалық түсініктемесін жазуда қазақ және орыс тілді мәтіні мазмұнының ішкі бірлігі сақталған және авторлардың қазақстандық ғылымға қосқан ұжымдық үлесін танытатын жұмыс деп айтуы тіптен негізсіз. Мысалы, 73-бап. Отбасы қатынастары саласындағы заңсыз әрекеттер. Бұл қылмыстың мәні – ерлі-зайыптылар; бұрынғы ерлі-зайыптылар; бірге тұратын адамдар; жақын туыстар; ортақ баласы бар балалар (балалар). 73-2-бап. Соққылар. Бұл қылмыстың субъективті жағы кінәлілікке тікелей ниет түрінде көрінеді. 74-бап. Қазақстан азаматтығын алуға кедергі жасау. Қылмыстың субъектілері азаматтық алуға уәкілеттік берілген немесе Қазақстан азаматтығын алу рәсіміне қатысатын лауазымды адамдар бола алады. 75-бап.

(Соңы 2-бетте)

ҚАРЖЫЛЫҚ АЛАЯҚТЫҚҚА НОТАРИУСТАРДЫҢ ДА ҚАТЫСЫ БАР

Биыл елімізде 2016 жылдан бастап іске қосылған Атқарушылық жазба институтының қызметіне 5 жыл толады. Оның пайда болуымен бірге жеңілдетілген тәртіпте коммуналдық қызметтер үшін қарыздар, жалақы сияқты, шарттар бойынша және т.б. даусыз талаптар өндіріле бастаған. Сондай-ақ, жазба қарыздарды өндіріп алу рәсімдері едәуір жеңілдеп, соттардың жүктемесі азайған болатын. Әйтсе де, Бас прокуратура нотариустардың соңғы үш жылдағы атқарушылық жазбаларына талдау жасап, бірқатар заңсыздықтың барын анықтап отыр.

Мұндай жазбалар қылмыстық жолмен алынған ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыру үшін қолданылған. Атап айтқанда, Алматы, Астана және Қарағанды қалаларында 13 факті анықталып отыр. Онда қаржы пирамидаларын құруға қатысқан ұйымдар мен адамдардан қарыздар ресми түрде өндіріліп алынған. Мәселен, Алматыда қаржы пирамидасының ұйымдастырушылары жалған шарттар бойынша салымшылардың ақшасын алу және жымқыру үшін нотариустар арқылы 2 млрд борышты өндіріп алды. Прокурордың талап қоюы бойынша жазбалардың күші жойылды. Сот тәртібінен тыс мемлекеттен 63 жазбаға сай мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша 1,8 млрд теңге заңсыз өндіріліп алынған. Оның ішінде прокурорлардың талап қоюы бойынша 1,2 млрд теңгеге жазбалардың күші жойылды. Қарыздар мемлекеттік сатып алу шартының мерзімі өткеніне қарамастан, орындалмаған және ЖСҚ мен сатып алу жоспарларында көзделмеген жұмыстар үшін, мемлекеттік сатып алу шарттарына қосымша келісімдерді қазынашылық органдардың тіркеуіне, қабылдау актілері және басқа да растайтын құжаттар болмаған жағдайда өндіріп алынған.

Алматы облысында нотариус жеке компанияның пайдасына ТКШ Бөлімінен тіркелмеген қосымша келісім бойынша 410 млн тг өндіріп алды. Сотқа оның күшін жою туралы талап қою ұсынылды. Мүлік пен активтерді басқа міндеттемелер бойынша орындаудан

алып тастау үшін жалған жалақы қарыздар өндіріп алынған (өйткені жалақы бірінші кезекте өндіріп алынады). Екі жыл ішінде прокурорлар 5 млрд теңгеге 250 заңсыз жазбаның күшін жоюға қол жеткізді.

Қарағанды облысында ЖШС-дан 333 млн теңгеге жалақы бойынша жалған қарызды өндіріп алу туралы 35 жазба анықталды. Бұл ретте, кәсіпорынның салықтар бойынша борышы 1,7 млрд теңге (жазбалардың күші жойылды). Кейбір жағдайларда жазбаларды нотариустар өз өкілеттіктерін айқын асыра пайдалана отырып жасаған. Астанада, Алматыда, Алматы және Жамбыл облыстарында нотариустар қарызды өтеу есебінен кепіл нысанасы болып табылмайтын 40 көлікті заңсыз өндіріп алған. Мұндай талаптар бойынша жазбалар жазып беруге жол берілмейді.

Прокурорлар жалған құжат негізінде жазылған 1 млрд теңгеге 56 атқарушылық жазбаны және психиатриялық есепте тұрған азаматтарға қатысты 6 жазбаны анықтады. Бас прокуратураның ұсынуы бойынша Әділет министрлігі 3 нотариустың лицензиясын жойып, 7 нотариустың қызметін тоқтатып, 44 нотариусты тәртіптік жауаптылыққа тартты. Соттар прокурорлардың 1 млрд теңгеге атқарушылық жазбалардың күшін жою туралы 17 талап қоюын қанағаттандырды, тағы 3 талап қою қаралу сатысында.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

АЛҒЫСТАН АРТЫҚ МАРАПАТ ЖОҚ

Заңның үстемдігін қамтамасыз ету мақсатында қолға алынған реформа көпқырлы. Оның ең басты межесі әділ соттың сапалы қызмет істеуін көздесе, келесі маңызды қадамның бірі жеке сот орындаушылар институтын дамытуға бағытталғаны белгілі.

Жеке сот орындаушылар институты бүгінде өзін-өзі толық ақтап, қоғамға қажет екенін дәлелдеп үлгерді. Ұлт жоспары стратегиялық бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік сот орындаушылары кезек-кезеңімен қысқарып, тәжірибеге жеке сот орындаушылардың қосылуы атқарушылық өндірістегі түйткілдердің тиімді шешілуіне есер еткені талассыз. Ал сот актілерінің орта жолда қалуы, сот шешімдерінің дер кезінде орындалмауы азаматтардың сотқа, мемлекеттегі әділдікке деген сенімін төмендетеді. Өйткені, азаматтар сотқа құқығымызды қорғайды, мәселен оң шешіледі деп барады. Сот актісі шығарылғанға дейін тараптар қаншама уақытын, қаржысын шығындайды, жүйкесіне қанша салмақ түседі. Осылай үлкен қиындықпен соттың оң шешіміне қолы жеткенде, оның орындалмауы кез келген азаматтың сенімін сетінетері күмәнсіз. Жеке сот орындаушылар осы кемшіліктің орнын толтыру үшін тәжірибеге енгізілді. Әрі жыл сайынғы жұмыс қорытындысы жеке сот орындаушылардың атқарушылық өндірісте ауқымды жұмыс атқарып жатқанын айғақтайды.

Атқарушы өндірістің мақсаты – заңмен қорғалатын құқықтардың бұзылуын қалпына келтіру. Жеке сот орындаушылар азаматтар мен мекемелердің заңды мүддесін және құқығын қалпына келтірудің альтернативті тәсілі. Сонымен қатар бұл институттың мемлекеттік мәжбүрлеп орындату жүйесінің алдында бірқатар артықшылығы бар. Тағы бір айта кетерлігі, жеке сот орындаушылардың еңбек-ақысы атқарушы құжаттардың орындалу нәтижесімен тікелей байланысты. Яғни, жеке сот орындаушыларының табыс көзі өндірілген соманың белгілі бір пайызына тең болғандықтан, атқарушы құжаттар нәтижелі әрі жедел орындалады.

Бұл институттың сүйенері – «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заң. Әрбір бастаманың кем-кетігі жұмыс барысында көрінетіні мәлім. Жеке сот орындаушылар қызметін жандандыру мақсатында бұл заңнамаға бүгінгі күнге дейін бірнеше өзгерістер мен түзетулер енгізілді. Соның арқасында жеке сот орындаушылары мен мемлекеттік сот орындаушылар өкілеттілігінің шегі біршама ажыратылды. Жеке сот орындаушыларының құзыреті біршама кеңейіп, мемлекеттен өндіріп алу туралы, мемлекет пайдасына 1000 (АЕК) сома өндіріп алу, сондай-ақ мемлекет пайдасы үшін қонысынан шығарып тастау, үйді бұзу, жер телімін алып қоюдан басқа барлық атқарушы құжаттар кіргізілді. Сот орындаушыларының өкілеттіктері жеке тұлғалардың банктегі есеп шоты туралы ақпаратты талап ету құқығын беру арқылы кеңейтілді.

Сонымен қатар, заңға «Әлеуметтік маңызды істер категориясы» ұғымы енгізіліп, оның шеңберінде алимент, еңбекқыны, зейнетақыны, жәрдемақыны, адам өмірі мен денсаулығына залал келтіргені үшін төлемақыны өндіру кіргізілді. Мұның өзі мемлекеттік әлеуметтік осал топтар мәселесіне немқұрайды қарамайтынын көрсетсе керек.

Біздің жұмысымыздағы ең басты өлшем – халықтың алғысы. Әрбір сот шешімін дер кезінде орындап, елдің ризашылығын алсақ – еңбегіміздің ақталғаны.

Ғабит ТАЛИПОВ,
Ақтөбе өңірлік жеке сот орындаушылар палатасы



ЗАҢНЫҢ АУДАРМАСЫНА АТУСТІ ҚАРАМАҒАН АБЗАЛ

немесе мемлекеттік награда қалай мемлекеттік «әшекейге» айналды?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық. Субъективтік жағынан бұл қылмыс кінәнің қасақана жасалуымен сипатталуы мүмкін. (Орысша мәтінде «С субъективной стороны данное правонарушение характеризуется умышленной формой вины»).

«Қаралған әкімшілік құқық бұзушылықтың объективтік жағын білдіру нысаны ретінде шағынданудан бас тартуға «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы заңның 7-бабына сәйкес қатаң тыйым салынады». (Отказ в приеме обращения, как форма выражения объективной стороны рассматриваемого административного правонарушения категорически запрещен в соответствии со ст. 7 Закон РК «О порядке рассмотрения обращений физических и юридических лиц» от 12 января 2007 года). Дұрысы: «Өтінішті қабылдаудан бас тартуға тыйым салынады» емес пе? Ал «...шағымданудан бас тартуға...» дегеніміз тұлғаның еркіне бағытталған сияқты. Осы тәрізді қателіктер кез келген бапты ашып қалсаңыз көзге бірден түседі.

Айта кету керек, мемлекеттік наградаларды заңсыз таққаны үшін әкімшілік жауапкершілікті қолданудың сот практикасы өте күрделі. Негізгі ҚР ӘҚБтК-тегі 674-бап былайша аталады: «Мемлекеттік наградаларды заңсыз тағып жүру». Міне, осы бап Түсініктемеде басқаша аталып тұр: «674-бап. Мемлекеттік әшекейлерді заңсыз тағу». Мемлекеттік награда мемлекеттік әшекейге айналған. Ең сорақысы әлі алда екен. Қазақша мәтінде: Қорытындының өзі осы санаттағы қылмыстардың толық кешігуінен көрінеді. Көбінесе бұл құқық бұзушылықтар жасанды кідіріске ие, олар табиғиға қарағанда, құқықбұзушылық анықталғанымен, бірақ еш жерде хабарланбайтындығымен сипатталады, өйткені әр түрлі себептермен ерекетті ашқан адам оны заңсыз деп санамайды (құқықтық сауатсыздығына байланысты). Құқық бұзушылықтардың осы санатына қатысты кідірістерге қонамына қалыптасқан табиғи құрмет қана емес, сонымен бірге Ресейдің құрметі, белдеулер мен формадағы адамдар алдындағы құрмет пен сыйақылық та әсер етеді. Әрбір полиция қызметкері ордендермен, медальдармен, мемлекеттік марапаттардың заңдылығын растайтын құжаттармен ілулі тұрған қарт кісімен тексеруге батылы жете бермейді.

Орысша мәтінде: «Сам самой направляется вывод о тотальной латентности данной категории правонарушений. Чаще всего эти правонарушения имеют искусственную латентность, которая, в отличие от естественной, характеризуется тем, что право-

нарушение обнаруживается, но о нем куда-то не сообщается, т. е. по разным причинам лицо, обнаружившее деяние, не считает его противоправным (в силу юридической безграмотности, фактического неосознания деяния и т.д.). Серьезное влияние на латентность, применительно к данной категории правонарушений, оказывает не только сложившееся в обществе естественное уважение к ветеранам Великой Отечественной войны и прочим боевых действий, но и укоренившееся в России чинопочитание, трепет и робость перед людьми в лампасах и погонах. Не каждый полицейский отважится проверить у седого старика, обвешанного орденами и медалями, документами, подтверждающие факт законности государственных наград».

Қаралып жатқан қылмыстың 2-бөлігінің объективтік жағы іс-қимылмен сипатталады. Өйткені мемлекеттік атақтарға ұқсас атау немесе сыртқы ұқсастық белгілерін заңсыз орнату немесе жасау тек белсенді әрекеттер арқылы ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Сонымен, объективтік жағы – қылмыскер: орысша мәтінде «Объективная сторона части 2 рассматриваемого правонарушения характеризуется действием, так как незаконное учреждение или изготовление знаков, имеющих сходство с государственными наградами может быть совершено только путем активных действий. Так, объективная сторона состоит в том, что виновный».

Сонымен қазақшасы жас балаға пышақ ұстатқандай ебедейсіз дүниеге ұқсайтын көптеген заң актілерінің орысша мәтінінің қазақша мәтіндік көрініс тапқан ғылыми-практикалық түсініктемедегі бірнешеуі ғана бұл.

Түсіндірме мәтінде 11 рет «Өнер бойынша» деп бірнеше бапта жазылғанын байқаймыз. Ол қай өнерді білдіреді екен? Өнер – көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы.

Сайттағы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Институт жайлы аударында» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны қойылған мақсатты іске асыру үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады: ғылыми қызметті баспаханалармен қамтамасыз етуді жүзеге асыру, «Қазақстан Республикасы Заңнама институтының Жаршысы» ғылыми-құқықтық журналын, ғылыми зерттеулер қорытындылары бойынша баспа өнімін және үлестірме материалдарды, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер нәтижелері бойынша талдамалық

есептерді, ғылыми-практикалық түсіндірмелерді, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар мен дөңгелек үстелдер материалдарының жинақтарын, монографияларды, оқу құралдарын шығару және дайындау (тираждау)» делінген.

Яғни, осы ғылыми-практикалық түсіндірмеге жауапты заңды тұлға ретінде Әділет министрлігінің Заңнама және құқықтық ақпарат институты мекемесін айқындауға болады.

Аударма жасау үшін мемлекет қазынасынан қанша қаражат бөлінген, институттың Ғылыми кеңесінде Түсініктеменің қазақ тіліндегі мәтіні талқыланып, Әділет министрлігінің ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесіне жариялануға ұсыным берілген хаттамалардың сапалық деңгейі қандай деген заңды сұрақтар туындайды.

Сапасыз аударма ма, әлде жаз-

ба ма. Оған жол берген азаматтардың қазақ тілінің қажеттілігін сезінбейтіні, оны артық жүк деп қарап, қол бұлғай салғандары өкінішті-ақ. «Жаңа Қазақстан», «Әділетті Қазақстан» құру жолында ұлт мүддесін биік қойып, қазақ тіліне қырын қарайтын, осындай сорақы аудармамен айналысатын мамандарды жауапкершілікке тартатын уақыт жетті. Бұл мәселені көтергенімізді кейбіреулер «ұлт-шылық» деп қабылдағаны анық. Бірақ, ақиқаты осы! Қазақ тілінің заң тілі, ғылым тілі ретіндегі атқарып отырған қазіргі жай-күйінің анық көрінісі осындай. Көбінесе орыс тілінің аудармасы сипатында ғана қалып отыр.

Қазіргі қоғам қазақша ойлап, қазақша дұрыс сөйлеп, сауатты жазу үрдісін меңгерген заңгерлерге әреу. Сан көп, сапа жоқ. Осы тұйықтан шығар жол қайсы, қордаланып қалған бұл мәселелердің шешімін қалай тапқаны дұрыс? Бізді алаңдатып отырған – аударма мәселесі. Аударма – бір тілде бейнеленген орыс тіліндегі екінші бір тілге әрі дәл, әрі толық қайталай бейнелейтін тілдік қимыл. Бұл ретте, аударма технологиясын меңгеру ісіне атүсті қарамаған абзал.

Ойымызды тұжырымдай келгенде, заң құжаттарының тілін сөз еткенде, ең әуелі қаншама уақыт бедерінде қалыптасып, тұрақталған орыс тіліндегі нысандарға жүгініп, ондағы дайын түрін пайдаланамыз. Заң мәтіндерімен айналысатын бөлім-мекеме топтарындағы төлтума тілдің табиғаты мен құнарын білетін аудармашыларға бір тілден екінші тілге тәржімалау технологиясын жетік меңгеру – бірден бір шарт. Осы орайда құжат мәтіндерін орыс тілінен қазақ тіліне аудару тәжірибесі мынадай теориялық ережелерді есте ұстауды керек етеді: орыс және қазақ тілдерін лингвоаудармалық және стилистикалық тұрғыдан салыстыра білу; ресми іс қағаздар мәтіндерін орыс тіліндегі қазақ тіліне аударуға тән тілдік заңдылықтарды сақтау; күрделі стилистикалық құрылымдарды, яғни құрмалас сөйлемдерді, біртұтас үзіктерді аударудың тиімді, оңтайлы жолдарын іздестіру; белгілі бір сөздің қазақ тілінде баламасы жоқ, сондықтан оны сол күйінде қолдануды талап ететін жағдайларды анықтау; тілдің лексикалық және грамматикалық (яғни, мағыналық және өзара байланыстыра алу дейік) ерекшелігін ескеріп, орыс тілінен қазақ тіліне қысқарған сөздерді аудару тәсілін үйрену. Осы жайттар қаперге алына, заң тіліндегі сәйкессіздіктерге орын берілмес еді.

М.ҚЫЗЫЛОВ,
запастағы полиция генерал-майоры, з.ғ.к., профессор, Е.СЕРІМОВ,
запастағы полиция полковнигі, з.ғ.к. ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ

МӘСЕЛЕ

СУИЦИДКЕ САЯСИ ДЕНГЕЙДЕ КӨНІЛ БӨЛІНУ КЕРЕК

Қазіргі таңда әлеуметтік желіде адвокат Сержан Пірәлиевтің мәлімдемесі талқылануда. Оны заңгер 2022 жылдың 19 тамызында Жамбыл облысындағы ҰҚК-ге қарасты шекара бөлімінде қайтыс болған сарбазға қатысты биыл 20 қаңтарда Адам құқықтарын қорғау бойынша қазақстандық бюрода жасаған болатын. Өйткені, Ішкі істер министрлігінің Оңтүстік өңірі бойынша Әскери тергеу басқармасының Тараз бөлімі жүргізіп жатқан сотқа дейінгі тергеу амалдарында Алматыда (2) және Таразда (1) жасалған сот-медициналық сараптамаларда марқұмның ауыз қуысы мен киімінен өзіне тиесілі емес ер адамдардың шәуеті табылған. Бірақ бұл маңызды дерек назарға алынбаған. Сондықтан адвокат қатардағы сарбаздың өліміне қатысы бар шынайы кінәлілерді жасыруға қарсы болғандықтан осы әрекетке барғанын айтқан болатын.

– Биологиялық сараптама кезінде жігіттің ауыз бөлігі мен іш киімінен, футболкасынан екі және одан да көп ер адамға тиесілі шәует іздерін тапты. Осыдан-ақ, жігіттің сексуалдық зорлыққа ұшырағанын және соның кесірінен өз-өзіне қол салғанын аңғару қиын емес. Бірақ тергеу осы деректі назарға алмай, істі «лауазымын асыра пайдаланған» деген баппен жалғастырмақшы, – деген еді Сержан Пірәлиев онда. Оның айтуынша, тек осы мәлімдемеден кейін ғана құзырлы органдар істі қайта қарастыра бастаған. Мәселен, 25 қаңтарда тұн ауа оның жеке электрондық поштасына Оңтүстік өңірі бойынша Әскери прокуратурасынан қаулы келген. Оның бұрын қанағаттандырыусыз қалған өтініші қанағаттандырылып, бөлімдегі барлық әскери қызметшіге сараптама тағайындалған. Бұдан бөлек, оның өтініші бойынша Республикалық адвокаттар алқасындағы әріптестері Ішкі істер министрлігіне қысым жасап жатсыздар деп арыз жіберген.

Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы Айдын Бікебаев болса: «Алматы қалалық адвокаттар алқасына келіп түскен Сержан Пірәлиевтің өтініші бойынша Тәртіптік комиссия адвокаттың іс-әрекетінде заң бұзушылықтың бар-жоғын анықтауда. Олар бәрін тексеріп, шешім қабылдайды. Екіншіден, біздің Адвокаттардың кәсіби құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиямыз бар. Оған да С.Пірәлиевтен көмек сұраған арыз түсті. Егер біздің адвокатқа қысым көрсетіліп, құқы бұзылған болса, біз қорғаймыз. Қазір осы екі комиссия жұмыс жасап жатыр» деді.

Жалпы, бұл қылмыстық істің алдын ала тергеу шаралары барысында алғашқыда сарбаздың өзіне-өзі қол жұмсауына жүрген қызымен арадағы жанжал тәртіп болған деген нұсқа қарастырылған болатын. Кейін ол расталмаған соң, шекара бөлімінде куәгерлер табылды. Олар бөлім командирі қатардағы сарбазды балағаттап, қорлап, соққыға жыққанын, соның кесірінен оның асылып өлгенін айтқан. Соның нәтижесінде, 2022 жылдың 24 тамызында бөлім командирі қамауға алынып, оның үстінен «ауыр зардаптарға әкеп соққан қызметтік өкілеттігін асыра пайдалану» бабы бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды. Бөлім командирін қорғаушы С. Пірәлиевтің пайымдауынша, сарбазға жасалған сексуалдық зорлық әрекеттерін оның әріптестері ұялы телефонға түсіріп алған болуы мүмкін. Осыдан кейін сарбаз ұят пен қорлыққа шыдай алмай, асылып өлген. Ал әскерилер қазіргі уақытта айыптау тарапының куәгерлері болып отыр. Алайда, Ішкі істер министрлігі тараптан хабарламада: «Пірәлиев өз тұжырымдары мен шындыққа сәйкес келмейтін жалған ақпаратты айтып, қылмыстық істің деректерін жария етті. Сонымен бірге, ҚПК-нің 201-бабына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректері жария етілуге жатпайды. Осыған байланысты адвокаттың қызметтік этика нормаларын бұзу фактісі бойынша материалдар қылмыс-

тық қудалау органында белгіленген тәртіппен тіркеліп, уәкілетті орган – ҚР Әділет министрлігіне қызметтік тергеу жүргізу үшін жолданды», – делінген.

Жалпыдан жалқыға

Қазақстанда жыл сайын 4 мыңға дейін адам өз-өзіне қол жұмсау салдарынан қайтыс болады. Яғни, Қазақстанда суицидпен күн сайын 8-11 адам көз жұмса, 9-16 адам өз-өзіне қол жұмсауға әрекеттенеді екен. Ал 2012 - 2021 жылдардағы деректерге сүйенсек, суицидке барған бес адамның төртеуі ер адам, біреуі әйел адам. Қазақстандықтар арасында 100 мың адамға шаққанда суицидтің орын алуы бойынша 2012 жылға дейін алғашқы он елдің қатарында (2000 жылы – 6, 2012 жылы – 10), ал 2019 жылы – 17 орында болды. Сондықтан қазан айының 5-інде «Қазақстан халықтық партиясы фракциясының» 10 және «АМАНАТ» партиясы фракциясының 1 депутаты Үкімет басшысының атына сауал жолдаған еді.

«Суицидтен болатын өлім-жітімді азайту көрсеткіші Қазақстанның тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу міндеттеріне енгізілген. Дегенмен, көрсеткішке жету механизмі түсініксіз. «Дені сау ұлттың әрбір азаматына сапалы және қолжетімді медициналық қызмет көрсету» Ұлттық жобасында суицид мәселесі негізінен айтылмаған. Осыған байланысты суицид мәселесіне саяси деңгейде көңіл бөлудің азайғанын байқаймыз. Ал өз-өзіне қол жұмсау себептері бірқатар күрделі мәселелердің бар екенін көрсетеді.

Біріншіден, белгісіз себептермен өзіне-өзі қол жұмсау үлесі жоғары күйінде қалып отыр (2016-2017 жылдары - 45%; 2021 жылы 29%). Белгіленген себептердің ішінде жалғыздық ең жоғары салыстырмалы себептерге ие (2016-2021 жж. барлық жасаған суицидтердің 3-тен 10% дейін). Бұған отбасы мен тұрмыстық саладағы өзгеріс мәселелер мен қоғамдағы бытыраңқылық және т.б. дәлел бола алады. Маңыздылығы бойынша келесі орында қиын қаржылық жағдай (банкрот, қарыздар) – 10 жыл ішінде барлық суицидтердің 3-тен 5,4%-ға дейін; ауыр соматикалық аурулар – 2,3-тен 3,6%-ға дейін, бұл да экономика мен денсаулық саласындағы маңызды мәселелерді көрсетеді. Айта кету



керек, әлемде суицид проблемасына көзқарастар әртүрлі: ДДҰ деректері бойынша 20 елде өз-өзіне қол жұмсауға оқталу үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. 28 елде суицидтің алдын алудың ұлттық стратегиясы бар. Суицидтің алдын алудың ұлттық стратегиясы бар 4 елде және ондай стратегиясы жоқ 4 елде 30 жылдағы тенденцияларды талдаған зерттеу мұндай стратегияларды қабылдау тиімді және суицидті азайтуға әкелетінін анықтады», – деген Қазақстан халықтық партиясы фракциясының депутаттары Үкімет назар аударуы қажет деп есептейтін 5 жайтты көрсетті. Оған Әлихан Асханұлы: «Ғылыми мәліметтерге сәйкес суицидальді белсенділік толқынды сипатқа ие. Халықаралық зерттеулерге сәйкес суицидтік мінез-құлқтың себептері биологиялық, психологиялық және әлеуметтік факторлардың өзара әрекеттесуіне байланысты қарастырылады. Осыған байланысты Денсаулық сақтау министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдардың Парламент депутаттарының, ҰЕҰ-ның және ғылыми ұйымдардың қатысуымен адамдардың суицидтік мінез-құлқының алдын алу Ұлттық стратегия жобасын (оның ішінде жас санаттарымен байланыстырудан бас тарту, ұлттық жобалар бойынша суицидтен болатын өлім-жітім көрсеткішін ха-

лықтың денсаулығы мен әл-ауқатының көрсеткішіне қосу мәселелерін қарастыру) әзірлеу бойынша кеңес өткізу тапсырылды. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасуда және Үкіметтің бақылауында» деп жауап берген еді.

Одан кейін сенаторлар Д. Нұржігітова, С. Ершов, Ф. Сарыбаев, Н.Нұрспатовтың желтоқсан айында Үкімет басшысының атына жолдаған депутаттық сауалындағы ұсыныстардың ішінде: ҚР Қарулы Күштеріне, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына: психологиялық нормативтік жүктемеге қарай психологтардың штаттық санын көбейту, олардың кәсіби біліктілігін алдыңғы қатардағы жоғары оқу орындарының және орталықтардың негізінде арттыру» айтылған еді. Өйткені, ҚР Бас Әскери прокуратурасының ақпаратына қарағанда, 2020-2022 жылдар аралығында 237 әскери қызметші қайтыс болған. Атап айтқанда, 2020 жыл – 77, 2021 жылы – 96, 2022 жылы – 64. Олардың 145-і әскерге келісімшартпен келгендер, 59-і офицерлер, 31-і солдаттар. Бұл азаматтардың 89-ы науқастан көз жұмған, 62-сі сол апатынан, 50 адам суицидтен, ал 8 адам өзге себептермен қайтыс болған. Сенаторларға Үкімет басшысы: «Қазіргі уақытта Қарулы Күштерде 295 психолог лауазымы көзделген. Оның ішінде әскери басқару органдарында – 20,

ЖӘБО-да – 40, әскери бөлімдерде – 188, мекемелерде – 12, әскери оқу орындарында – 35. Бұл 400 адамға бір психологтан келетін жалпы әлемдік орташа көрсеткіштен аспайды. Әскери психологтардың штаттары жеке құрамның психологиялық төзімділігін сақтау және жауынгерлік (оқу-жаттығу жауынгерлік) міндеттерді орындауға әзір болуын қамтамасыз ету бойынша тиісті жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді. Әскери психологтарды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру әскери қызмет ерекшелігін ескере отырып, Қазақстан және Ресей жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады» деген жауап қайтарды.

Сөз түзелді, ағайын, сен де түзел!

Президент 2022 жылғы 19 қаңтарда Қорғаныс министрлігінің басшылық құрамымен кездесуде Мұрат Бектановты Қорғаныс министрі лауазымынан босатып, бұл қызметке Руслан Жақсылықовты тағайындау туралы жарлықтарға қол қойғанын хабарлады.

– Армия Тәуелсіздігіміздің тірегі болып, мемлекет мүдделерін қорғауы тиіс. Қаңтар оқиғасы кезінде Қарулы Күштер өзіне сенімсіз әрі қабілетсіз басшылығының кесірінен жүктелген міндеттерді тиісті деңгейде атқара алмады. Министр Бектанов командирлік қабілетін көрсете алмады. Командалық-штабтық және әскери жаттығулар кезінде оң нәтиже көрсеткен армиямыз бола тұра, сын сағатта оның әлеуетін пайдалана алмадық. Сырттан көмек шақыруға мәжбүр болдық, – деген Жоғарғы Бас қолбасшы геосаяси жағдайды және аймақтық деңгейдегі өзекті сын-қатерлерді ескере отырып, Қазақстан Қарулы Күштерінің әскери дайындығын түбегейлі арттыруды талап етті. Сондай-ақ әскери борышты өтеу міндетінің беделін көтеріп, абыройын арттыру қажеттігіне арнайы тоқталды.

Одан кейін 5 шілдеде Руслан Жақсылықовты қабылдаған кезде сарбаздардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және әскери қызметшілер арасында әлімжеттік әрекеттерді болдырмау мәселесіне ерекше назар аударды. Ал биыл 11 қаңтарда армиядағы жағымсыз жайттардың алдын алу, жастардың әскери борышын орындауға деген құлшынысын арттыру, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру жөнінде қорғаныс ведомствосының қабылдап жатқан шаралары туралы есебін тыңдады. Онда әскери қызметшілердің өмірі мен денсаулығын сақтау, әскери ортадағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсартудың маңызын атап өткен Мемлекет басшысы бұл бағыттағы министрдің атқарып жатқан жұмысына көңілі толған сияқты. Сондықтан Жамбыл облысының ҰҚК қарасты шекара қызметіндегі келеңсіз жағдайға байланысты Сержан Пірәлиевтің шулы мәлімдемесінен кейін Қорғаныс министрі мен оның командасы отставкаға кету керек деген жұртшылық талабы әзірге орындалған жоқ. Ал 25 қаңтарда өткен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында қабылданған әскери қызметтің беделін арттыруға бағытталған шешімдер қалай жүзеге асатыны енді уақыт еншісіне қалып отыр.

Жалпы әскердегі әлімжеттік туралы сөз қозғалған кезде оны балабақша, мектеп және кәсіптік техникалық және жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие жұмыстарынан бөліп қарастыруға болмайды. Өйткені өз құрдастарын ұрып-соғудың балабақшадан басталатынын әлеуметтік желіде таралған видеолардан да байқауға болады. Оған өз баласына біреу тиіссе аяма, былай ұр, былай теп дейтін ата-аналардың да әсері бар. Үйінде естіген, көрген, үйренгенін одан кейін балалардың сыртта да қайталап, өзінен кішілерге ғана емес, құрбы-құрдастарына да күш көрсетіп, қорқытып, бопсалауы бүгінде үйреншікті жағдайға айналуда. Оны азайту үшін білім ордаларына бейнекамера орнату жұмысы жүргізілгенімен, әзірге балалар мен жасөспірімдер ғана емес, жастар арасындағы зорлық-зомбылық жойылмай отыр. Сондықтан кейбір мамандар айтып жүргендей қолданыстағы заңнамада жазаны әлі де қатайта түскен жөн шығар.

Е. ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



Абзал ҚҰСПАН, адвокат:

– Қазіргі таңда әскери істер бойынша сотқа дейінгі және сот тергеуі қалай жүргізілетінін қысқаша ғана суреттеп берейін: Әдетте, бұлаңдап еркін жүрген бозбаланың әскерге келген кезде ең алдымен үйренері не? Әрине тәртіп. Әскер қатарына қабылданған сәттен бастап, ол үшін командирі не бұйырса да айтқаны орындалуы тиіс, ол әлемдегі барлық елдерде қалыптасқан ереже, бұлжымас қағида.

Біздегі бір ғана айырмашылық – барлық деңгейдегі командирлер осы ережені өздерінің бас пайдаларына жарататындары. Құрылысқа салады, малдарын бақтирады, үйлерін көшірмеді, т.б. Енді сол командирлерге сөздері өтетін әскери прокурорлар бар, оларға да оқтын-оқтын тегін жұмыс күші керек боп қалады, командирге бір қоңырау шалса болды, бір взвод сенің есігіңнің алдында тұр. Сөйтіп жүргенде, қылмыс болады, біреу төбелеседі, біреу асылып өледі, соған орай тергеуден бұрын ішкі тексеру өтеді де, жоғары тұрған командир төменгісіне «бәрі былай деп жауап берсін» – деп тапсырма береді. Әдетте іс жабық объект (казарма, әскери бөлім, т.б.) ішінде болғасын күнің бәрі солдаттар боп келеді. Оларды басынан бастап сол жабық жерде тексереді. Ол байғұстарда ақылдасатын адвокат тұрмақ, адамы жоқ командирінен басқа, егер ішінен принципті біреуі шығып, олай емес, былай деп басылықтың айтқанына көнбей қойса, кешікісін қонар жер біреу, ол жерде сыбағасын беретінін жақсы біледі, амалсыздан айтқанға көнеді. Өйткені, бұйрық, тапсырма орындалуы керек, болды! Әскери басқармадан тергеуші келгенше барлық солдат бір жауап айтып тақылдап тұрады, тергеушіге де керегі сол емес пе, тез-тез шаруасын бітіріп, кезекті істі аштым, дәлелдедім деп, істі әскери прокуратураға жібереді, олардың жұмысы айыптау актісімен сотқа жіберу, болды. Сол айыптау актісінің өзін оларға тергеуші дайындап, тек қол қоятын қып әкеп береді. Ал сот ие? Барлық куә-солдатты бір көлікке тиіп, әскери тәртіп-строймен алып келеді, әуелі бөлімдерінде, кейін жол үстінде де тергеуде берген жауаптарын сотта қайталау қажеттігін «түсіндіреді». Сотқа куә жауап берді ме, берді, ал оның жауабы қаншалықты шындыққа сай келеді, оған бас ауыртпай керегі не? Блбөым-жылбөым істі қарап, тезірек үкімін оқып, үйіне қайтуға асығып отырған адамнан не сұрайсың, қандай әділдік күтесің?! Міне, әскери соттарда істер шамамен осылай, «әскери тәртіппен» қаралып жатады, бытырғы жылдың нақты статистикасын білмеймін, бірақ бұрынғы бір жылда бір іс ақталмай өтіп кете беруші еді әскери соттардан, қазір де қатты өзгеріп кеткеніне күмәнім бар. Енді, әскери саладағы істер бойынша жылдар бойы қатып-сепім қалған тәжірибемі менің әріптесім Сержан Пірәлиев бұзды кеше! Ол ешкімнен қорықпастан, қорғауындағы жазықсыз жанды қорғаймын деп, өз басын қатерге тіге отырып, бұлтартпас айғақ – бір емес, үш сараптама қорытындысына сілтеме беріп, батыл мәлімдеме жасады! Әскери бөлім (мүмкін заризон) басшысының ойлағанындай болмай қалды. Іс бақылаудан шығып кетті. Енді тергеу объективті жүре ме, жоқ сол баяғы ескі сарында кете бере ме, ол Сіз бен бізге, яғни қазақ қоғамына байланысты.

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Республикамыздағы ең ірі мегаполиске жалғасып жатқан Талғар ауданының тұрғындары су тапшылығын көріп, қымбатшылығына ұрынып отыр. Неге? Бүгін сол мәселені ашып, сараптап, тиісті орындар назарына ұсынуды халық талап етуде. Әлбетте, шешімі билік құзырында.

— Қуатбек Нығметұлы, әуелгі кезекте өзіңіз басқарып отырған кәсіпорынның негізгі міндеті туралы айтып берсеңіз?

— Біздің кәсіпорын 1960 жылдан бастап мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын болып аудан тұрғындарын сумен тұрақты қамтамасыз етіп келеді. 2018 жылы Талғар ауданы әкімінің арнаулы қаулысымен мекеме атауы су құбырынан Талғар су болып өзгерді. Негізгі функциямыз табиғи су көзінен шығып, Талғар өзенінің арнасына қосыла ағатын суды диаметрі әртүрлі құбырлармен жүргізіп, талапқа сай арнайы жасалған су бассейніне жинау, сүзіп тазарту тәсілімен қайта өңдеу, хлорлау және бөлу болып табылады.

— Жалпы, қанша ауылды сумен қамтисыздар? Талғар ауданы толығымен ауыз суды

тылу бағасы жайлы нақты мәлімет берсеңіз?

— Талғар қаласында судың әр текше метрі – 62 теңге, төменгі ауылдарда –127 теңге. Бұл біздің баға. Ал республикалық мемлекеттік кәсіпорын – 110 теңгеден сатады.

— Ол қандай мекеме?

— Біздің кәсіпорын «Талғар су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны деп аталса, сіз сұрап отырған кәсіпорын «Нұра» су топтамасы кәсіпорны құрамындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын деп аталады. Осыдан он жыл бұрын «Ақбұлақ» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру үшін біздің жүйеге еніп жұмыс бастады ғой. «Нұра» – сол бағдарлама кезінде жұмысын бастаған кәсіпорын.

— Сонда жергілікті тұрғындарды сумен қалалық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынмен

Қуатбек СМАҒҰЛОВ, «Талғар су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры:

«МІНДЕТІМІЗ - ХАЛЫҚТЫ САПАЛЫ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ»

лық мемлекеттік кәсіпорын. Негізі, «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша жасалған жобадан барлығы 12 ауыл бар еді. Бүгінгі таңда нақты суды Талдыбұлақ, Бірлік, Белбұлақ, Шыңбұлақ, Алтын дән, Березка, Амангелді ауылдары алып отыр. Алғашында қызу қарқын алған бағдарлама жұмысы аз уақытта тоқтап, іс жүзінде су құбыры толық тартылмай, бастама аяқталмай қалды. Бұл бағдарламаны жүзеге асырушылар өзгенің есебінен пайда табуды ғана ойластырған ба дерсіз. Небары 17 шақырым су құбыры республикалық мемлекеттік кәсіпорынның меншігінде болса, сол су құбырының ішімен ағып жатқан суды облыстық мемлекеттік кәсіпорын мәжбүрлі түрде жеткізеді. Нақтылай түссем, «Талғар су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны өз балансымыздағы 12



бастап қыркүйектің аяғына дейін, яғни, тау мұздақтары ерігенде өзен арнасынан асып, су көздері лай болады. Сол суды тазартатын сүзгі республикалық кәсіпорында жоқ. Сонда да жылдар бойы біздің құбырлармен аққан су қалыпты жұмысынан жаңылмай сүзгіден өтіп, талапқа сай ағуда. Осы тұста айта кететін жайт – бір аудан халқын сумен қамтамасыз ететін екі мемлекеттік кәсіпорын заңнамаға сәйкестендіріп ортақ баға қоя алмай отырмыз. Құдды бақталасқан екі ел іспеттіміз. Сол түсініспеушілікті халық көріп, біліп отыр. Осы мәселе дұрыс шешімін тапса дейміз.

— Қуатбек Нығметұлы, көпшілік алаңдап отырған осы мәселені даудамасыз шешуге ынтыла екеніңізді байқап отырмайсыз. Атыңды міндеттері бірдей болса, неге осы екі кәсіпорынды біріктіре салмаса?

— Негізгі мәселе бұл түйткілдің заңнамаға сәйкес келмейтіндігінде болып тұр. Біріншісі облыстық кәсіпорын болса, екіншісі республикалық кәсіпорын. Алатын су көзі де біреу. Екеуі де бір облыс бюджетінен қаржыландырылады. Жергілікті бюджеттен қаражат бөлінетіндіктен, барлық жауапкершілік аудандық әкімдік құзырындағы біздің кәсіпорынға жүктелген. Бірақ

су бағасын реттеу құқығы толық берілмей отыр. Егер осы мәселе шешімін тауып, су бағасын реттеуді бізге берсе, аудан бойынша (тұтынушылар қалтасына ұрмайтын) ортақ баға қойып, Талғар қаласымен дәлме-дәл болмаса да теңестіріп 70 теңгеден барлық елді мекенге қажетті суды жеткізіп беретін едік.

— Бағаны кәсіби тұрғыда келіссөз жүргізе отырып реттеуге не кедергі?

— Бұл мәселе менің деңгейімде шешілмейді. Бүгінгі статистикалық мәлімет бойынша Талғар ауданында барлығы 800 шақырым су құбыры бар. Соның ішінде 17 шақырым су құбыры республикалық «Нұра» топтамалы су құбыры атты мемлекеттік кәсіпорынның меншігінде. Заңнама бойынша сол құбырдың бойында орналасқан ауылдарға жеткізіліп, таратылатын су құбыры біздің балансымызда тұр. Бұл да бізге жүктелген үлкен жауапкершілік. Егер мемлекет қаражатына салынған осы 17 шақырым су құбырын облыс меншігіне алып, бізге яғни «Талғар су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына өткізіп берсе баға реттелер еді. Халық судың әр текше метріне 110 теңге емес, 70 теңге төлеп пайдаланатын еді. Міне, бүгінгі күннің барлық проблемасы осы. Біз

бұған дейін атқарған жұмысымызды заң шеңберінде жалғастыра береміз. Нәтижесінде халықтың талабы орындалып, ауданымызда су бағасы реттеледі.

— «Нұра» су құбырлары топтамасының құрамына кіретін республикалық мемлекеттік кәсіпорын Астанадағы Су шаруашылығы комитетінің құзырында болса, қаражат республикалық бюджеттен бөлінетін шығар?

— Бүгінгі күнге дейін облыстық бюджеттен жыл сайын көлемді қаражат аударылып отырғаны анық.

— Жарты ғасырдан астам төл міндетін мінсіз атқарып отырған жергілікті мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын жұмысына қабаттасып, оңай олжа тауып отырған «Нұра» республикалық кәсіпорнының әрекетін журналист ретінде озбырлық деп санаймын. Келіссөз бе?

— Иә, нақты өмірде солай болып тұр.

— Су шаруашылығын дамытуға кәсіби білікті маман ретінде айтар ұсынысыңыз бар ма?

— Бүгін келіп пайда тауып, ертең сытылып кететін адамдардың «ауданға шағын су бассейні жетеді» дегеніне қосылмаймын. Олар Талғар ауданының болашағын ойлап отырған жоқ. Міндетіміз халықты сапалы сумен қамтамасыз ету болғандықтан, бүгінгі күнмен шектелмей бірден ауқымды бассейн салған дұрыс деп санаймын. Бүгін салынатын тұрғын үйлер саны ертең еселенсе, сол үйлерге қоныстанатын халықтың қажеттілігін өтеуді ойлау, жауапкершілікті сезіну керек емес пе?! Біле білсек бұл су шаруашылығын дамытудағы әлеуметтік-экономикалық мәселелердің алдын алу болып саналады. Салаға бюджеттен бөлінетін қаражатты үнемдеу арқылы мемлекеттің де, халықтың да жағдайын жақсартуға септігімізді тигізуді парыз санаймын.

— Әңгімеңізге рақмет!

Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,
«Заң газеті»

Негізгі мәселе бұл түйткілдің заңнамаға сәйкес келмейтіндігінде болып тұр. Біріншісі, облыстық кәсіпорын болса, екіншісі, республикалық кәсіпорын. Алатын су көзі де біреу. Екеуі де бір облыс бюджетінен қаржыландырылады. Жергілікті бюджеттен қаражат бөлінетіндіктен, барлық жауапкершілік аудан әкімдігінің құзырындағы біздің кәсіпорынға жүктелген. Бірақ су бағасын реттеу құқығы толық берілмей отыр. Егер осы мәселе шешімін тауып, су бағасын реттеуді бізге берсе, аудан бойынша (тұтынушылар қалтасына ұрмайтын) ортақ баға қойып, Талғар қаласымен дәлме-дәл болмаса да теңестіріп 70 теңгеден барлық елді мекенге қажетті суды жеткізіп беретін едік.

да, алқаптарды нәрлендіретін суды да сіздерден алатын шығар?

— Біз Талғар қаласы және Кеңдала, Ақдала, Тұзды-бастау, Бесағаш, Рысқұлов, Дәулет, Еркін, Еламан, Жаңалық, Жалқамыс, Сақтан, Достық, Көктал, Қотырбұлақ, Бесқайнар, Қызыл Ту, Панфилов, СНК, Кіші Байсерке, Қызыл-Қайрат, Береке, Терекқара, Тастыүстірт, Белбұлақ атты 25 ауылды сумен қамтамасыз етіп отырмыз. Балансымызда 600,17 шақырым су жүйесі және 135,3 шақырым кәріз жүйесі бар. Сондай-ақ, жеке, аулалық, ведомстволық бір мың шақырымнан астам су, кәріз жүйесі тағы қосылған.

— Енді бүгінгі күннің бір проблемасы – судың са-

кеттік кәсіпорынмен қоса республикалық мемлекеттік кәсіпорын да қамтамасыз ете ме?

— Иә, оны халық күнделікті өмірде көріп, біліп отыр ғой. Жасыра алмайсыз.

— Талғар өзенінен алынатын табиғи суға екі кәсіпорын ие болып, бір аудан аумағындағы ауылдарға үш түрлі бағамен суды сатып жатқаны қалай?

— 2012 жылы «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша Талғар қаласы мен төменгі ауылдардың ортасын ойып 17 шақырым су құбыры тартылды. Меншік иесі «Нұра» су құбырлары топтамасының құрамына кіретін (елге бүгінгі күнге дейін 110 теңгеден су сатып отырған) республика-

ауылға жеткізіп, тарататын суды «Нұра» су топтамасы кәсіпорнына тиесілі су құбыры арқылы өткізуге мәжбүрміз. Басқа су құбыры жоқ. Сондықтан бағасы үш түрлі болып отыр. Себебі, бізге де суды сатып береді. Сатып алған бағамызға өз қызметіміздің ақысын қосуымызға тура келеді. Өйтпесек, жұмыскерлер еңбек ақысыз қалады. Сондықтан ауданымызда халыққа сатылатын судың бағасы әртүрлі болып тұр.

— Сонда республикалық кәсіпорын «Талғар су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына да суды сата ма?

— Иә. Жазылмаған заң бойынша көп жылдан бері солай істелінуде. Мамыр айынан

БӨРЕКЕЛДІ!

БІЛГЕН ЖӨН

«АЛАТАУ АРАЙЫ» ГАЗЕТІНДЕ ЖАҢА РЕДАКТОР

Ақпарат құралдарының өкілдеріне деген бұқараның сенімі жылдан-жылға арта түспесе, кеміген жоқ. Халық қоғамдағы күрмеуі қиын мәселенің түйінін тарқату үшін көбінесе БАҚ-тың көмегіне жүгінуді дағдыға айналдырған. Бұл баспасөздің төртінші билік деңгейінен түспегендігін көрсетсе керек.



басылым ретінде өз оқырмандарына жаңалықтар ұсынғалы отыр.

Бүгінде жаңа құрылған облыстық экономикалық-әлеуметтік даму бағыты айқындалып келеді. Сол үшін аймақтың күнделікті тыныс-тіршілігін жұртшылыққа жеткізудің маңызы зор. Ал бұл жолда Кәдірбек Құныпияұлы жетекшілік ететін жаңа газетке жүктелер міндет те жоғары болмақ.

Сарби ӘЙТЕНОВА
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

Газет – әу бастан шындықтың айнасы, адамгершілік пен ізгіліктің үлгісі. Осы қатарға биылғы жылдан бастап Алматы облысының «Алатау арайы» атты жаңа газеті қосылды. Оқырманға жол тартқан басылымның бас редакторы – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Кәдірбек Құныпияұлы. Кәдірбек Құныпияұлы – қазақ журналистикасында аты қалыптасқан, көптеген іргелі басылымдарда қызмет еткен, кәсіби маманның бірі. «Алматы ақшамы», «Өркен»,

«Заман-Қазақстан» газеттерінде, «Саясат» журналында бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары қызметін атқарған білікті журналист облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының 1-орынбасары, республикалық «Заң газетінің» бас редакторы болып өзін білікті басшы, мықты ұйымдастырушы ретінде мойындата білген. Аталған газет өткен жылдан бері «Жетісу» газетінің қосымшасы ретінде жарық көріп келген еді. Ал жаңа жылдан кейін дербес мерзімді

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ КӨҢІЛІҢІЗ ТОЛМАСА, ХАБАРЛАСЫҢЫЗ!

Халықтың денсаулығын сақтау, өмір сүру жасын ұзарту мақсатында қолға алынып жатқан бастамалар аз емес. Өйткені, мемлекет дамуы, еліміз өркендеті елдер көшіне ілесуі үшін халықтың денсаулығы мықты, ауру-сырқаудан аман болуы шарт. Өкінішке қарай, медицина саласында қолға алынған бастама, жобалардың барлығы сәтті жүзеге аса бермейді. Кейде ілкімді жобалардың орта жолда қалуына мамандардың біліксіздігі, өз кәсібін жетік білмеуі, адамдармен мәдениетті қарым-қатынас орната алмауы да теріс әсер ететіні рас. Мұндай кемшіліктерге қарапайым азаматтардың көмегімен ғана тегеурінді тосқауыл қоюға болады. Осыған орай азаматтар медициналық қызметке көңілі толмаса, дәрігерлердің біліктілігіне күмән келтірсе үндемей қалмауы керек! Алматы облысының тұтынушы құқықтарын қорғау департаменті тұрғындарға үнемі құқықтық кеңес беріп, жол нұсқаудан жалыққан емес. Осы мақсатта департамент қызметкерлері әлеуметтік желілерде ақпараттандыру жұмыстарын тұрақты жүргізіп, сапасыз қызметтен зардап шеккендерге құқығын түсіндіріп, қандай қадам жасауы керектігін үнемі еске салып келеді.

Медициналық қызметтердің сапасыздығы үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік көзделген. Егер денсаулыққа кем дегенде орташа ауырлықтағы зиян келтірілсе және бұл факт сот-медициналық сараптамамен расталса,

қателікке жол берген дәрігер қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

— Медицина мамандары денсаулыққа жеңіл зиян келтірілген кезде әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

— Егер сіз осындай жағымсыз жағдайға тап болсаңыз, онда, ең алдымен, осы фактіні (фото, видео) жазып алуыңыз керек.

Естеріңізге сала кетейік, медициналық мекемелерде фото және бейнетүсірілімге заңсыз тыйым салу 17.09.2021 жылы жойылды, сондықтан құқықтар бұзылған жағдайда дәрігерлерді камераға түсіруге болады.

— Қателіктің орын алғаны туралы медициналық қорытындыны басқа мекемеден алуыңызға болады. Барлық шығындарды (дәрі-дәрмектер, емдеу, жұмыстағы ауру парағы) жазып алуды ұмытпаңыз.

— Әрі қарай, сотқа дейінгі шағымды сізге зиян келтірген медициналық мекемеге жібере аласыз, ол сізге зиянды өтеуі тиіс.

— Егер дәрігердің біліксіздігінен, немқұрайдылығынан орын алған қателік үшін өтемақы төлеуден бас тартылса, Сіз зиянды (материалдық және моральдық зиян) өндіріп алу мақсатында сотқа шағым бере аласыз. Арызға сот-медициналық сараптаманың қорытындысын қосуды ұмытпаған дұрыс.

А.ӨСЕНҒАЗЫ
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Дін саласындағы тағы бір түйткілді мәселе – өңірде білікті имамдардың жетіспеуі. Әрине, бұл сөзімізбен барлық дін қызметкерлеріне күйе жағып отырған жоқпыз. Алайда, еліміздегі мешіттердің 4/1 Түркістан облысында орналасқандықтан, тиісінше кадр тапшылығы да сезіледі. Бүгінгі таңда, Түркістан облысында ҚМДБ қарасты 762 мешітте 1112 дін қызметкері жұмыс атқарады. Олардың 18% ғана жоғары білімді. Ал, 29% орта арнаулы (медресе) және қалған 53% діни сауат ашу курстарында білім алумен шектелген. Халық тығыз шоғырланған және ұлттық құрамы әралуан өңір үшін білімді де білікті имамдар қашан да қажет.

Жалпылама елімізде, соның ішінде Түркістан облысындағы исламдық радикалды бағыттағы «Сәләфилик», «Хизбұт-Тахрир», «Таблиғи жамағат» секілді жалған «жиһад» пен «халифалықты» көксейтін діни топтар мен пантуркистік сипаттағы жаңа «Мамудшы», «Сүлейменші» және «Нұршы» қозғалыстары секілді теріс ағымдардың жымсықы әрекеттері белең алып отыр. Олар ұлттық құндылықтар мен тарихты

Сарыағаш ауданының және Төле би ауданының тумалары. Аталған азаматтар экстремизм мен терроризмді насихаттау, ұлттық және діни алауыздықты қоздыру бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылғанымен, олардың діни уағыздары мен насихаттары әлі күнге дейін әлеуметтік желілер мен «Ютуб» арналарында жоғары сұранысқа ие.

Сонымен қатар, облысымыздың Өзбекстанмен шекаралас орналасуы діни ахуалдың дұрыс бағытта өрбуіне кері әсерін тигізуде. Атап айтқанда, кейбір шекаралас орналасқан аудандар мен өзге этнос өкілдері тығыз шоғырланған анклавты орталарда Өзбекстанда тығым салынып, іздеу жарияланған өзбекстандық уағызшылардың дәрістерін тыңдау үрдісі белең алып отыр. Бүгінгі таңда, дәстүрлі ислам бағытын ұстанатын өзбек тілді білікті мамандардың тапшылығынан аталған бағыттағы қарсы насихат жұмыстарының тиімділігі төмен. Өзге дін өкілдері деген түсінікті дұрыс бағамдай білуіміз қажет. Елімізде ресми тіркелген діни бірлестіктер бар. Қарама-қайшы түрде тіркелмеген, діни идеологиясын жасырын насихаттап жүретін азаматтар да жоқ емес.

– **Медет Мұзапбарұлы, жастар діни ағымның жетегіне еріп, ада-**



Медет ХАЛЫҚОВ, Түркістан облысы Дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ директорының міндетін атқарушы:

«ДІНИ БІЛІМДІ КӨТЕРМЕЙ, ДЕСТРУКТИВТІ ИДЕОЛОГИЯҒА ТОСҚАУЫЛ ҚОЯ АЛМАЙМЫЗ»

жоққа шығара отырып, қазақстандық қоғамның рухани негіздерін ыдыратуды, діни-ұлттық бірегейлікке нұқсан келтіруді, ішкі тұтастықты бұзуды көздейді. Діни пайымдар мен шарттарды радикалды мақсатта пайдаланудың соңы экстремизм мен терроризмге ұласып жататынын әлемдік жағдай көрсетіп келеді.

– **Дінді саясилендірудің салдары қандай?**

– Діни экстремизм мәселесі бүгелімізде ғана емес, әлемдік деңгейде өте күрделі тақырып. Оның астарында діни фанатизм және радикализм жатыр. Экстремистік идея әрқашан да қауіпті. Себебі, оның қашан және қандай әрекетке ұласарын болжау мүмкін емес. Идея болған жерде уақыт өте келе ол іс-әрекетке көшери анық. Іс-әрекетке көшкен кезде жағдай біз ойлағаннан да қиын салдарға ұласып кетуі мүмкін. Қандай да бір экстремистік ұстанымға және идеяға қарсы тұру қажет.

Қазақстан экстремизм мен терроризмге қарсы күреске айрықша көңіл бөледі. Дегенмен, тәуелсіздік жылдары діни радикализм көріністері, деструктивті діни ағымдардың теріс ықпалы Қазақстанды да айналып өтпеді. Әсіресе, тәуелсіздік алғаннан кейін Араб түбегінен, Таяу Шығыс елдері мен Кавказдан келген деструктивті діни ағымдардың ықпалы арта түсті.

«Тәкфір» және «жиһад» ұғымдарын ту еткен радикалды отандастарымыздың 2011 жылғы Ақтөбе, Жамбыл, Алматы облыстары мен Алматы қаласында дүрбелең салғаны ел есінде. Соңғы он жылдықтағы ресми деректерге сүйенсек Қазақстанда 18 террористік іс-әрекет орын алып, жалпы 106 (оның ішінде 77 терроршы, 17 құқық қорғау және арнайы қызмет өкілдері және 12 бейбіт тұрғын) адам қайтыс болған.

Терроризм мен экстремизм – адамзаттың қас жауы. Қаймағы бұзылмаған қазақ жерінде осындай лаңкестіктерге жол беру ең алдымен, жазықсыз жандардың зардап шегуіне алып келетіні сөзсіз. Жұртшылық осыны ұғынуы керек. Діни экстремизм қоғамның тұтастығын бұзатын әрекет екенін түсінуіміз қажет. Ел ішінде алауыздық тудыруды, жек көрушілік пен дінді саясаттандыруды көздеп, сол арқылы қоғамға кері әсерін тигізетін құбылыстан мейлінше алыс болғанымыз абзал.

– **Түркістан облысында өзге дінді ұстанатындар көп пе?**

– Қазіргі таңда халық арасында дінді ұстанушылар көбейді. Солардың арасында жастардың саны басым. Әрине, жастарға жол көрсетіп, жөн сілтеуіміз қажет. Радикалды көзқараспен ұланғайыр жатқан жастар да бар. Дер кезінде оны анықтап, дұрыс жүйелі жұмыс жүргізілсе оны асындырып алмай алдын алуға болады. Аталған ағымдарды жақтаушылар санының артуына бірнеше фактор әсер етуде. Атап айтқанда, Қазақстанға танымал ДДА көшбасшылары мен идеологтары болып табылатын псевдоуағызшылар Сайрам ауданының,

сып кетпеу үшін қандай жұмыстар жүргізілуде?

– Дін саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету, жат діни ағымдардың жетегіне кеткен азаматтарды оңалту мақсатында бірнеше бағыттар бойынша жұмыстар атқарылуда.

Біріншіден, деструктивті діни ағымдарға қарсы жалпы профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылып келеміз. Бүгінгі күнге дейін облыстық Дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің мамандарын жұмылдыра отырып құрылған дін саласындағы облыстық ақпараттық-түсіндірме топтары қала, аудан, ауылдық округ және елді мекендер мен қоғамның барлық әлеуметтік топтарымен кездесулер өткізуде. Бытыр облыс көлемінде облыстық ақпараттық-түсіндірме топтары тарапынан тұрғындармен – 123, жоғарғы оқу орындары мен арнаулы орта оқу орындары және мектеп оқушыларымен – 511, өндіріс орындары, құқық қорғау және әскери сала,

жүргізіп, оларға дәстүрлі исламның дәйектерін жеткізіп, шариғатпен шегендеп, салт-дәстүрмен сабақтастырып, пікір алмасып, сұрақтарына жауаптар беріледі. Адамды қайта қоғамға бейімдеу оңай шаруа емес. Біз осыны дұрыс ұғына білуіміз қажет.

Төртіншіден, елімізде 2011 жылдан бері «Терроризм актісі» бабы бойынша қылмыс жасау деректері бірнеше рет тіркелді. Аталған ағым өкілдеріне тек діни ғана емес, құқықтық тұрғыдан да кеңестер беріледі.

Бесіншіден, діни содырлардың мемлекеттік мекемелер мен әскери бөлімдерге, құқық қорғау және арнайы қызмет ғимараттарына баса-көктеп кіруге талпынуы, сонымен қатар құзырлы мекеме маңайында өзін-өзі жарып жіберу, төртін сақшыларына қарсы жасалған лаңкестік әрекеттер, т.б. оқиғалардың барлығы мемлекеттік билікке қарсы бағытталған дін атын жамылған радикалды топтардың әрекеті екені жасырын емес.

Соңғы кездері деструктивті діни идеологияның алдын алудың бірден-бір жолы елімізде діни білімнің деңгейін арттыру. Сондықтан отандық дін саласындағы мамандарға қойылатын талаптарды күшейтіп, білігін тыңдау маңызды болып отыр. Сонда ғана ел ішінде әртүрлі діни алауыздықтарға тосқауыл қойыла мақ. Дінге қызығушылығы артқан әрбір азамат басаттық білімді, яғни, бакалаврлық, базалық, білімді өз еліміздегі оқу орындарынан алу қажет.

медицина саласы және т.б. мекеме қызметкерлерімен 314 кездесу ұйымдастырылған. Жоғарыда аталған кездесулер барысында 130 мыңнан астам адам қамтылған. Жиындардың дәстүрлі діни құндылықтарды халық арасында насихаттауға ықпалы тиюде.

Екіншіден, қазіргі таңда интернет ресурстары мен БАҚ-тың қоғамға тигізетін ықпалы мол. Осы орайда теледидар арқылы дұрыс таным мен түсінік қалыптастыру, ұлттық ұстанымдар мен әдет-ғұрыпқа кері әсер етуші іс-әрекеттердің алдын алу мақсатында республикалық «Оңтүстік», «Түркістан», жергілікті «СӘТ», «Санұр» телеарналары арқылы 27 тақырыпта телебағдарламалар ұйымдастырылды. Сондай-ақ, орталық мамандары тарапынан 149 мақала дайындалып, 494 рет жергілікті басылым беттерінде жарық көрді.

Үшіншіден, теріс пиғылды діни ағымдардан зардап шеккен жеке тұлғаларға арнайы оңалту жұмыстары тұрақты түрде өткізіліп келеді. Жат ағымның жетегіне кеткен азаматтармен кешенді түрде жұмыстар атқарылады. Бұл оңай процесс емес. Нақты механизм мен әдістеме негізделіп жасалды. Ұзақ уақытты және еңбекті талап етеді. Орталықтың исламтанушы, теолог мамандары арнайы контингентпен жеке кездесу жұмыстарын

Соңғы кездері деструктивті діни идеологияның алдын алудың бірден-бір жолы – елімізде діни білімнің деңгейін арттыру. Сондықтан отандық дін саласындағы мамандарға қойылатын талаптарды күшейтіп, білігін тыңдау маңызды болып отыр. Сонда ғана ел ішінде әртүрлі діни алауыздықтарға тосқауыл қойыла мақ. Дінге қызығушылығы артқан әрбір азамат басаттық білімді, яғни, бакалаврлық базалық білімді өз еліміздегі оқу орындарынан алу қажет.

– **Медет Мұзапбарұлы қазіргі уақытта дінде көптеген жалған ұсыныстар мен стереотиптер кездеседі. Олармен қандай жұмыстар жүргізіледі?**

– Жалған дүниетанымды насихаттайтын азаматтардың барлығы дерлік жалған ұсыныстармен адамды арбады. Кезінде елімізден шекара асып, Таяу Шығысқа барып шын ислам мемлекетінде өмір сүрем деп талай жастарымыз алданып қалды. Яғни жалған стереотиптерді біз сол жерден байқадық. Діни терминдердің негізгі мағынасын түсіне алмай, тек қана біржақты ойлаудың кесірінен талай азаматымыз жапа шекті. Жалған ұсыныстарды арнайы шет мемлекеттерде отырып, дыбыстық және бейне уағыздар арқылы таратып отырды. Жалған ағым өкілдері арбау жұмыстарында өтірік айту, ақпараттарды бұрмалап, арнайы психологиялық әдістерді қолданып, санаға тікелей шабуыл жасайды. Мысалы, деструктивті діни ағымның жетегінде кеткендердің 88 пайызына осы әлеуметтік желі әсер еткені белгілі. Таяу Шығыста белең алған лаңкестік әрекеттерімен танылған «ИШИМ» халықаралық террористік ұйымы әлеуметтік медиа және ғаламторлық технологиялық қосымшаларды пайдалану арқылы өзге елдерден келген содырлармен қатарын көбейтті. Әлем бойынша ұйымдарға қосылушылардың 80% астамы – ғаламтор арқылы арбалғандар. Деструктивті діни ағымдардың жастарды арбау әрекеттері осы ғаламтор ресурстары арқылы, соның ішінде әлеуметтік желілерде жүзеге асырылуда. Олар жиһадшы-террористердің күнделікті өмірін шөл даладағы әсем көрініспен, балалардың тәтті күлкісімен, қаруларын асынып, тату-тәтті отбасылық суреттермен көрсетеді. Міне, осы сырт көзге бәрі «тамаша» боп көрінген бейнероликтегі өмірге әлеуметтік желідегі тіркелушілер арбалып, ақыр соңы алданып қалып жатады. Бұған дәлел еліміздегі экстремизм баптарымен сотталғандардың көбі – нақ осы желілерде белсенді ақпараттық жұмыстармен айналысқандар. Жалған ақпараттардың нәтижесінде Таяу Шығыста керемет өмір бар деген стереотип қалыптасты. Бұл стереотип өзін нағыз мұсылман санап жүрген кейбір бауырларымыздың шекара асып, ата-анасын, бауырларын тастап, отанға опасыздық жасауына түрткі болды. Ол жаққа барған соң ол керемет ертегінің бірекі айда аяқталғанын көріп, от басып,

оқтың астында қалып, далада қаңғып, ешкімнен пана сұрай алмағандығын барлығымыз білеміз.

Осындай идеологияға ұланғайыр жүзеге тарта жерлесіміз бейбіт өмірді қарулы «жиһадқа» айырбастау үшін Сирия еліне отбасымен бірге «Нижрат» жасаған. «Жусан» гуманитарлық операциясы аясында Түркістан облысына 4 ер, 18 әйел, 52 бала қайтарылған. Бүгінгі таңда 4 ер, 1 әйелдің қылмысы дәлелденіп, жауапкершілікке тартылса, 6 әйел, 22 балаға қатысты қоғамға бейімдеу және оңалту жұмыстары жүргізілуде.

– **Жат діни ұйымдардан келетін қауіп-қатер статистикада қалай сараланып жүр?**

– Жат діни ағымдардан келетін қауіп көп. Елімізде арнайы соттың шешімімен 24 ұйым экстремистік, террористік және окульттік-мистикалық деп танылып, заң жүзінде тыйым салынған. Қазіргі таңда діни ахуал облысымызда тұрақты деп айтсақ болады. Діни ағым жетегінде жүрген азаматтармен кешенді түрде жұмыстар жүргізіліп жатыр. Тұрақтылыққа қарамастан біз жұмысты тоқтатпауымыз қажет. Ғаламтор – ақиқаттың көзі емес екендігін түсінулері керек. Зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне сүйенсек, дінде қызығушылық білдірген азаматтардың 73% қажетті мағлұматтарды ғаламтор желісінен іздейді екен. Бұл көрсеткіш еліміздегі жастардың басым бөлігі діни сауатын ең алдымен ғаламторда ашатынын көрсетеді. Яғни, қазіргі ғаламтор сайттары, видеохостингтер, әлеуметтік парақшалар, түрлі платформалар және басқа да байланыстырушы медиақұралдар әлемде жаңа мүмкіндіктермен қатар, жаңа қауіптердің туындауына септігін тигізуде. Тәжірибелі бағдарламашылардың статистикалық есебі бойынша 1 минутта «Youtube» желісіне 400 сағаттық бейнекөрініс жүктеледі, ал «Whatsapp» та 50 млрд СМС хаттар жолданады, «Instagram» да 50 мың сурет жүктеледі. Ал, «Google»-ға минутына 4 млн рет сұраныс түседі. Осылардың ішінде қаншасы діни ақпараттар екенін ешкім білмейді. Жоғарыда аталған цифрлардың 1% ғана деструктивті діни ағымдардың таратқан мәліметі дейтін болсақ, онда миллиондаған жастың бір сағат ішінде діни көзқарасымен қатар, психологиясы өзгеріске ұшырады деген сөз.

– **Өзіңіз басшылық ететін «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің жеткен жетістігі мен әлі де болса шешімін таппай келе жатқан түйткілді мәселелері жайлы да айта отырсаңыз...**

– 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның 5-бабында «Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша құзыреті» көрсетілген. Аталған құзыреттіліктің бір тармағы өңірдегі діни ахуалды зерделеп, оған талдау жүргізуде. «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Түркістан өңіріндегі діни тұрақтылықты қамтамасыз етуде мемлекеттің дін саласындағы саясатын жүзеге асыратын жалғыз мемлекеттік мекеме. Соңғы жылдарда орталықтың жеткен жетістіктері жетерлік. Республика бойынша әлеуметтік желі және ғаламторда күмәнді сілтемелерді анықтап, оларға тиісті шара көру бойынша көш бастап тұр.

2021–2022 жылдары жоғарыда аты аталған және өзге де тыйым салынған уағызшылардың ғаламтор желісінен 700 мыңнан астам сілтемелері мен қауымдастықтар анықталып, «kpadzor.kz» ақпараттық жүйесін бұғаттау үшін енгізілген. Бұл сілтемелер мен қауымдастықтардың көптігі еліміздегі кез келген азаматтың ғаламтор арқылы тыйым салынған діни материалдармен еркін танысып, деструктивті діни ағым жақтастарының қатарын көбейту мүмкіндігінің жоғары екендігін көрсетеді. Әрине шешімін таппай жатқан мәселе де жоқ емес. Ол – кадр мәселесі. Облыс көлемінде әлі күнге білікті кадрлардың жетіспеушілігі байқалады. Осы олқылықтың орнын толтыра білсек, орталықтың жұмысы әрмен қарай жанданатынына кәміл сенемін.

Өңірлердегі деструктивті діни ағым жақтастарымен оңалту шараларын жүргізетін білікті, шетелдерде білім алған, іс-тәжірибесі бар теолог мамандардың тапшылығы, әсіресе, әйел жаммағатымен жұмыс жүргізетін теолог мамандардың жетіспеушілігі сезіледі. Оларды оңалтумен айналысатын теолог-дінтанушылардың жалақылары төмендігін ескеру, оларға материалдық қолдау көрсету қажет деп санаймыз. Аталған мәселе тек біздің облыстың ғана емес, барлық өңірлерге ортақ, республикалық масштабтағы мәселе.

– **Өңірімізге рақмет!**

Сұхбаттасқан Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ХАБАРЛАМА



АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯ

Алматы қаласы Алматы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы келесіні хабарлайды.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы ҚР кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 121-VI ҚРЗ заңының (Салық кодексі) 45-1-бабының негізінде Қазақстанда жалпыға бірдей декларациялау 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілді, ол 4 кезеңде өтеді.

Жалпыға бірдей декларациялаудың басты мақсаты көлеңкелі экономиканы қысқартуды қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету, бюджетке қосымша түсімдерді қамтамасыз ету, әлеуметтік саясатты жетілдіру болып табылады.

2023 жылдан бастап мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектордың қызметкерлері мен олардың жұбайлары, 2024 жылдан бастап – заңды тұлғалардың басшылары мен құрылтайшылары, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер мен олардың жұбайлары, 2025 жылдан бастап – азаматтардың қалған санаттары декларация тапсыра бастайды, яғни, елдің барлық ересек тұрғындары.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияда көрсетілетін мәліметтер

1. Қазақстаннан тыс жерлердегі мүліктер:
* жылжымайтын мүлік, жер учаскелері және жер үлестері, әуе және теңіз кемелері, ішкі суда жүзу кемелері, «өзен-теңіз»жүзу кемелері;

* көлік құралдары, арнайы техника және тіркелмеген банктік шоттардағы ақша барлық банктік салымдар бойынша республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және есепті салық кезеңінің 31 желтоқсанына қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің АЕК 1000 еселенген мөлшерінен жиынтық асатын сомада;

* Қазақстаннан тыс жерде құрылған заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі.

2. Қазақстанда да, одан тыс жерлерде де мүліктер:
* тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғын ғимараттағы үлесі;

* бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары (орындалуы базалық активті сатып алу немесе өткізу жолымен жүзеге асырылатын туынды қаржы құралдарын қоспағанда);

* инвестициялық алтын;

* зияткерлік меншік, авторлық құқық объектілері;

* республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларация табыс етілген жылдың алдындағы жылдың 31 желтоқсанында қолданыста болатын АЕК-тің 10000 еселенген мөлшерінен аспайтын сомада көрсетілетін қолма-қол ақша;

* банктен және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берешекті қоспағанда, міндеттеменің немесе талаптың туындауына негіз болып табылатын нотариат куәландырылған (куәландырылған) шарт немесе өзге құжат болған кезде жеке тұлғаның жеке тұлға алдындағы берешегі (дебиторлық берешек) және (немесе) жеке тұлғаның басқа тұлғалар алдындағы берешегі (кредиторлық берешек) Қазақстандағы банктер және банк қызметі туралы заңнамасымен;

* жеке тұлғаның қалауы бойынша бағалаушы мен салық төлеуші арасындағы шарт бойынша жүргізілген бағалау туралы есепте айқындалған құн болған кезде, осы мүліктің бірлігі үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және есепті салық кезеңінің 31 желтоқсанында қолданыста болған АЕК 1000 еселенген мөлшерінен асқан жағдайда, басқа мүлік көрсетілуі мүмкін Қазақстанның бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес. Басқа мүлікке мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлік, сондай-ақ құқықтар және мәмілелер мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын мүлік жатпайды.

Осылайша, активтер мен міндеттемелер туралы декларация (250.00-нысан) Декларациялау жүйесіне кірген күнге жинақталған активтер мен міндеттемелерді тіркеу үшін ұсынылады. Бұл ретте Қазақстанның уәкілетті органдарында тіркелген жылжымайтын мүлік пен көлік құралдары туралы мәліметтер декларацияда көрсетілмеуі тиіс.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсыну тәсілдері:

Декларацияны «салық төлеушінің кабинеті» арқылы электронды түрде беруге болады (cabinet.salyk.kz), «электрондық үкімет» порталы (egov.kz), сондай-ақ esalyq azamat мобильді қосымшасы арқылы 15 қыркүйекке дейін. Ал қағаз тасығышта мерзім ұсыну 15 шілдеге дейін.

Активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсынбағаны үшін әкімшілік жауапкершілік

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 272-бабының 1-тармағына сәйкес активтер мен міндеттемелер туралы Декларацияны Қазақстанның заңнамалық актілерінде белгіленген мерзімде ұсынбау – алдын ала ескертуге әкеп соғады.

Бұл ретте, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 272-бабының 2-тармағына сәйкес әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер 15 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Талғат ТУРГАЕВ,
Алматы ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ПІКІР

«ТУРА БИДЕ ТУҒАН ЖОҚ...»

Халқымызда «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» – деген тағылымы мол қанатты сөз бар. Сүбелі сөз астарына үңілсек, бұл ұлағаттың әділдікті ту етіп, шындықтың шырайын шығарған билерден қалғанын ұғынамыз. Яғни, әрбір адам немесе басшы мен мемлекеттік қызметші бүкіл болмыс-бітімімен адал, әділ, турашыл, мәдениетті, әдепті, таза болып, нақтырақ айтқанда өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқармайынша қоғам түзелмейді. Елдің дамуы алға жылжымайды. Сол себепті, зор жауапкершілікпен яғни елі үшін туып, елі үшін қызмет етумен тең. Халқымыздың «біреуге

пайданды тигізе алмасаң, зияндыды да тигізбе» деген мына бір тағылымды сөзі тіптен ерекше. Яғни, өзгерісті өзімізден бастауымыз керек. Қай тарапта, қай талапта жүрсек те өзімізге де, өзге де зиянымызды тигізбей, ардан аттамай, сенім мен жауапкершілік жүгін келесі буынға адал аманаттауды басты қағида етуіміз қажет. Елімізде мемлекеттік қызметшінің имиджін көтеру, сала жұмысын оңтайландыру, жетілдіру бағытында көптеген жұмыстар жүргізіліп жатқаны белгілі. Оның ішінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу мен болдырмау бағытындағы іс-шаралардың мәні зор. Жемқорлықпен күресу бір ғана орган айналысатын жұмыс емес, тұтас мемлекеттің саяси басым бағытына айналды. Бұл қоғамның нәтижелі іске бағыт алғанын, тиімділігі мол өзгерістер көшіне ілескенін білдіреді.

Найман ЖАРҚЫНБЕК,
Түркістан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

ЖЕГІҚҰРТ

ОРТАҚ КҮРЕСТЕ ОҢ НӘТИЖЕ БОЛАДЫ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу елдегі күрделі мәселелердің бірі. Ол үлкен әлеуметтік қасірет.

Кез келген өркениетті қоғам сыбайлас жемқорлықпен күреседі. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жояды. Мемлекет жетістіктерін жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетін дерт. Сондықтан ҚР мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес. Сыбайлас жемқорлыққа байланыс-

ты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, олардың зардаптарын жою және кінәлілерді жауапқа тарту арқылы мемлекетті нығайтуға болады. Кез келген азаматтық қоғам мемлекеттік органдар, мемлекеттік міндеттерді атқаратын лауазымды және басқа да адамдар бұл інетке бірлесе қарсы тұрғанда ғана ол ауыздықталады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңның басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сыбайлас

жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, олардың жолын кесу және ашу. Мемлекеттік тиісті органдар сыбайлас жемқорлықпен күресті жүйелі түрде жалғастырып, пәрменді шаралар қабылдауға тиіс. Оның айтарлықтай нәтижесі де бар. Сыбайластыққа жол берген тұлғалар туралы бұқаралық ақпарат құралдары, баспасөз беттерінде, теледидар және радиоларда үнемі айтылып, әшкереленуі керек.

Сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту – әрқайсысымыздың азаматтық борышымыз.

А.АХИБАЕВ,
Маңғыстау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

КИЕ

БІРЛІГІМІЗДІҢ ТІРЕГІ

Барлық елдерде мемлекеттік тілді білу заң арқылы міндеттелген. «Тіл туралы» заңымызда «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – әрбір азаматының парызы» деп көрсетілген. Сол себепті қазақ тілін терең меңгеру әр қазақтың, Қазақстанда тұрып жатқан әрбір азаматтың қасиетті борышы. Тілдің беделін көтеру, оның арын арлап, жоғын жоқтау, оқысын толтыру өз қолымызда.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Сондықтан, әрбір азамат қазақ тілін жетік меңгеру керек. Әсіресе, мемлекеттік қызметшілер. Өйткені, мем-

лекеттік тіл – басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу тілі. Сондықтан, мемлекеттік тілді дамыту бойынша жұмыстарды үнемі назарда ұстап, сот жұмысының құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесінің ұлғайту жұмыстарын жалғастырып, кіріс, шығыс құжат айналымы мен ішкі құжат айналымы жүз пайыз мемлекеттік тілде жүргізілуін қамтамасыз ету қажет.

Тіліміз-бірлігіміздің тірегі, халқымыздың ұлттық байлығы. Тілдің беделін көтеру, тіл меңгеруді, қазақ тілінде еркін сөйлеу өз қолымызда. Тілді өркендету баршаның ісі, себебі тіл тек қарым-қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» – деп ақын Қ.Мырза-Әлі бекер айтпаған, ең алдымен әрбір азамат өз тілін қадірлеу керек.

М.С.ТЕМИРГАЛИЕВА,
Тасқала аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

«ТУҒАН ТІЛІНЕ ЖАНЫ АШЫМАҒАН АДАМ - ЖӘНДІК»

Еліміздің тәуелсіздігін айқындайтын негізгі конституциялық құқық белгілерінің бірі – мемлекеттік тіл.



Мемлекеттік тіл – тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Кез келген өркениетті елдің өзінің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны, шекарасы болатыны секілді, мемлекеттік тілі де болады. Демек, мемлекеттік тіл де – мемлекеттің негізгі атрибуттарының бірі.

Мемлекеттік тілдің мерейін асыру мақсатында мемлекеттік қызметте қажырлы жұмыс атқарылуда. Барлық шығыс құжаттары мен мемлекеттік мекемелермен хат алмасу мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. Соның ішінде соңғы кезде, сот жүйесінде мемлекеттік

тілдің өрісін кеңейтуге, оның баптарының жүзеге асырылуының бағдарламаларының жасақталғаны, Мемлекет басшысының тіл саясатында дұрыс бағыт ұстап, қолдау танытып отырғаны көпке мәлім. Аталған әрекеттердің бастауы, мемлекеттік мекемелерде қазақ тілін оқып үйренуді дұрыс жолға қою болып табылатыны сөзсіз.

Алайда, туған тілімізді шұбарлап, аралас сөйлейтіндерді, не қазақ бола тұра қазақ тілінде сөйлей алмайтындарды жиі кездестірудеміз. Басқа халықты айтпағанда, өз ішіміздегі шала

қазақтарды таза қазақ қылатын кез келді. Бүгінде кейбіреулердің қазақ тілін білмеуі, білсе де сөйлемей – қазақ тілін жақсартып, биік белестерге көтермеуіміздің қатерлі дерті болып табылады. Туған тілден безінген азаматтарды көргенде Паустовскийдің «Туған тіліне жаны ашымаған адам жәндік» – деп ашына айтқан сөзі ойға оралады. Елінің болашағын ойлаған әр азамат ана тілінің болашағына да қолынан келген көмегін аямауы тиіс. Өкінішке қарай, соңғы кезде көптеген қазақ жастары өз ана тілін бұрмалап сөйлеуді әдетке айналдырған. Ата-ананы қадірлеу қалай керек болса, өз ана тілімізді қадірлеуді, қастерлеуді, аялауды қолға алайық. Төл тілінде сөйлеуден безу – ана сүтін беріп өсірген ананды ұмытумен бірдей.

Мемлекет саясатында жауапты мекеме басшылары тілге деген бақылауды ешқашан да босаңсытпауы тиіс. Ең бастысы, тілге деген құрмет пен қамқорлық, қолдау көрсетіліп, оны өмірде қолдану мен қорғау басшыдан бастау алу керек. Ал, егер өзіміз бен мемлекет басындағылар керек етпесе, мемлекеттік тіл кімге керек? Адам қай тілде сөйлесе, сол тілге қызмет етеді.

Сондықтан мемлекеттік тілді ұлттық идея етіп, сол тілді қолданып, сол тілде сөйлеп, елімізге адал қызмет етейік.

Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – тілге жанашыр азаматтарға тікелей байланысты екенін жадымызда сақтап, соны іске асыруға жұмыла кіріскен, мәселе оңынан шешіледі деген сенімдемін.

Гүлмира РЫСБАЕВА,
Жамбыл облысы бойынша Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот отырысының хатшысы

ӘРІПТЕСТІК

ӨЗБЕКСТАН «СЕРГЕККЕ» СЕҢІМ БІЛДІРДІ

«Сергек» қоғамдық және жол қауіпсіздігінің зияткерлік жүйесі Өзбекстанға экспортталды. Қазақстандық әзірлеушілердің, software және hardware мамандарын біріктіретін Sergek Group компаниялар тобының бұл өніміне «KazakhExport» экспортты сақтандыру компаниясы қолдау көрсетіп отыр. Отанға шикізаттық емес экспорттаушыларына түрлі қаржы құралдары арқылы қолдау көрсету үшін құрылған компания «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның еншілес компаниясы және Сауда және интеграция министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымы болып табылады.

«Сергек» жүйесі Өзбекстанда Ташкенттен кейінгі екінші қаласы және

облыс орталығы болып табылатын Наманганға енгізілді. Жоба жеке инвестициялар есебінен, экспорттың мемлекеттік бағдарламасын субсидиялаумен, атап айтқанда «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ кредит беруі арқылы іске асырылды, қолдау құралы – экспорттық кредиттерді сақтандыру. Өзбекстан заңнамасы бойынша сертификаттаудан өткен зияткерлік жүйе Намангандағы жол-көлік оқиғаларын азайтуға және көлік жүргізу мәдениетін арттыруға бағытталған. Онда 25 аппараттық-бағдарламалық кешен қаланың 13 учаскесінде және облыс жылдамдық режимінің асып кетуін, бағдаршамның тыйым салу сигналына өтуін, жол таң-

балау желілерінің бұзушылығын тіркейді.

Сауда және интеграция министрлігі мен Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің қолдауымен басталған бұл бизнес-жоба қазіргі уақытта Қазақстанның Астана, Өскемен, Алматы, Атырау, Шымкент, Семей, Тараз және Түркістан қалаларында жұмыс істейді. Sergek Group-тың экспорттық стратегиясы бойынша ол алдағы уақытта Орталық және Оңтүстік-Шығыс Азия, сондай-ақ Таяу Шығыс пен Африка аймағының нарықтарына шығарылмақ.

«Сергек» жүйесі жұмыс істей бастаған кезде алғашқы жылда-ақ Астанада жол-көлік оқиғаларынан қаза тапқандар саны 60-тан 34-ке дейін қысқарды және кейінгі жылдары да сол деңгейде қалып отыр. Ал Алматыда оның саны 2019-2022 жылдары 161-ден 96-ға, Шымкентте 2020-2022 жылдары 76-дан 57-ге дейін азайды.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ОҢ ҚАДАМ

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясының экспорттаушыларға қолдау көрсету көлемі 2022 жылы 259,1 млрд теңгеге жетті. Егер 2016 жылдан бері 845,3 млрд теңгенің көмегі жасалғанын ескерсек бұл рекорттық көрсеткіш. Өйткені 2021 жылы – 204,7 млрд теңге, 2020 жылы – 134 млрд теңгеден аспаған болатын.

ЭКСПОРТТЫ ҚОЛДАУ РЕКОРТТЫҚ КӨРСЕТКІШКЕ ЖЕТТІ

– Қазақстандық экспортқа қолдау көрсетуге бюджет қаражатын пайдаланбай, «KazakhExport» сақтандыру өтемінен қаржы институттарынан 166,2 млрд теңге сомаға қаражат тартылғанын атап өткен жөн. Экспорттық бағыттар тізімінде Өзбекстан, Ресей, Ауғанстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Қытай, Түрікменстан, Әзірбайжан, Литва, Украина, Беларусь, Италия және Түркия сияқты елдер бар. Ал салалар бойынша қарастырсақ тамақ өнеркәсібі – 42%, машина жасау – 24,4%, металлургияға – 14,4%, көрсетілетін қызметтер экспорты – 5,3%, химия өнеркәсібінің тауарлары – 3,4%, агроөнеркәсіп кешені өнімдері – 2,4%, – дейді «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ басарма төрағасы Аслан Калигазин.

Былтыр алғашқы жартыжылдықта тұрақсыз экономикалық жағдайға байланысты көптеген елдердің экспорты айтарлықтай төмендеді. Жылдың екінші жартысында қазақстандық компаниялар өзгерістерге бейімделіп, өздерінің сыртқы

сауда операцияларын қалпына келтіре алды. Мәселен, 2022 жылы KazakhExport 80 экспорттаушыға қолдау көрсетті. Олардың 21-і бұдан бұрын ынтымақтастықта болмаған компаниялар. Олар 526 шетелдік сатып алушымен сауда қатынастарын орнатты.

А.Калигазиннің айтуынша, компанияның өткен кезеңдегі басты оқиғаларының қатарында – Өзбекстан, Тәжікстан банктерімен экспорттық кредиттер мен инвестицияларға кепілдік беру және сақтандыру саласында, Қырғызстан банктерімен қайта сақтандыру шеңберінде қол қойылған стратегиялық келісімдерді атап өтуге болады. Олар қазақстандық өндірушілерге сыртқы нарыққа қолжетімділік береді және шикізаттық емес экспорттың өсуін ынталандырады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ЭЛЕКТРОҢДЫ ҮКІМЕТ

ЖАҢА ҚЫЗМЕТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Үкіметтің 2023 жылғы 11 қаңтардағы №13 қаулысына сәйкес, қазақстандықтар елімізге 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әкелінген автокөліктерді eGov.kz порталының «Автокөлікті заңдастыру үшін тексеру» атты жаңа сервисі арқылы заңдастыра алады. «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның Қоғамдық кеңесі таратқан ақпаратқа қарағанда, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның командасы оны ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен ҚР ІІМ-мен бірлесіп жүзеге асырады. Сервис электрондық үкімет порталында және eGov Mobile мобильді қосымшасында 23 қаңтардан 1 шілдеге дейін қолжетімді болады. Оны электрондық үкімет порталының басты бетіндегі «Сервистер» бөлімінен және «Көлік және коммуникациялар» - «Автомобиль көлігі» бөлімінен, ал eGov Mobile мобильді қосымшасында «Жүргізу және көлік» бөлімінен табуға болады. Қызмет тек электрондық өтініш беруге арналған. Онда В (жеңіл автомобильдер) және D1 (микроавтобустар) санатындағы көлік құралдарының мынадай талаптарға сәйкестігін тексеру жүзеге асырылады: көлік құралын 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әкелу; көлік құралына қылмыстық белгілердің болмауы; кедендік тазартудың болуы.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма төрағасы Ростислав Коняшкиннің айтуынша, шетелдік автокөліктерді

заңдастыру рәсімі екі кезеңде жүреді. Автокөлік иелері алдымен eGov.kz порталында өтініш беру қажет, содан кейін автокөлікті тексеру, көлік құралын тексеруден өткізу, тіркеу алымын төлеу және мемлекеттік нөмірді алу үшін Арнайы халыққа қызмет көрсету орталығына жүгіну керек. EGov.kz порталында электрондық өтініш беру үшін көлік иесі мына талаптарды орындау керек: тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркелу; Қазақстан Республикасы азаматтығының болуы; мобильді азаматтар базасында (МАБ) тіркеудің болуы; автокөліктің және көлік құралының бұрынғы иесі туралы барлық қажетті мәліметтерді толтыру; тексеруге сұрау жіберу; көлік құралын тексеруден өткізу үшін Арнайы ХҚКО-ға электрондық кезекті брондау. Қызмет көрсету нәтижесі eGov.kz пайдаланушысының жеке кабинетіне 15 минут ішінде хабарлама ретінде жіберіледі немесе бас тарту туралы дәлелді жауап ретінде келеді. Хабарламаны алғаннан кейін автомобиль иесіне автокөлікті тексеру, көлік құралын тіркеуден өткізу, 200 мың теңге мөлшерінде тіркеу алымын төлеу, мемлекеттік нөмір мен көлік құралының куәлігін алу үшін Арнайы ХҚКО жанындағы тексеру пункттеріне көлік құралын ұсыну қажет.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

МҰРА

МҰРАҒАТ ҚҰЖАТЫ ӨЗЕКТІЛІГІН ЖОЙМАЙДЫ

Қоғамда мұрағат құжаттарының орны ерекше. Тарих парактарын ашқан сайын тың деректер табылып, құжат құндылығын арттыруы табиғи заңдылық. Біз қызмет істейтін сот жүйесінде әр хабарламадан бастап шешім, үкім, қаулы секілді құжаттарға ерекше көңіл бөлінеді. Өйткені, ол заң талабы. Қандай да бір мәселемен сотқа жүгінетін тараптарға дер кезінде хабарлама жіберу міндет. Сол хабарлама арқылы талап



К.САГИДУЛИНА,
Алакөл аудандық № 2 сотының жетекші маманы

арыз беруші өзіне қажетті ақпаратты алып, соған сәйкес әрекет етеді. Бұл дегеніміз, адамдар тағдырына, тұрмыс-тіршілігіне қатысты өзекті мәселелерді шешу жолдарын бастау. Айталық, жер дауына байланысты талап арыз жазған адамдарға қарсы тарап, яғни жауапкер қарсы арыз жазып сотқа соңғы күні өткізді делік. Міне сол күні осы ақпаратты екінші жақ алса ақпарат құндылығы артады. Нақтылай түссек,

қажетті деректі жинап, оны растайтын куәларын ертіп сот отырысына дайын болып барады. Нәтижесін уақыт көрсетеді. Міне бұл жауапкершілікті жете сезіну. Сот қызметкерлерінің жедел әрі сауатты әрекет етуі. Сырт елге еренсіз көрінер. Ал осы құжаттар керек болғанда архивтен табылып, адамдар қажеттілігін өтеп жатса нұр үстіне нұр емес пе?!

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

Баспасөз – 2023



Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета», «Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ «Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,

ҚАЛАЛАРҒА: 6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА: 6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢГЕ

заңды тұлғалар үшін – 15921

ҚАЛАЛАРҒА: 6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢГЕ

ОБЛЫСТАРҒА: 6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢГЕ

zanreklama@mail.ru

ТАРАТУ

2. Kaspi Office 2 ЖШС (БСН 110340005757) өзінің Kaspi Office ЖШС-не (БСН 021240009908) қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Наурызбай батыр көшесі, 154А үй.

ӘРТҮРЛІ

3. «Almaty Sport Management» ЖШС, БСН 190140018220, «Спорттық-мәдени кешен» ЖШС, БСН 041040002898, өзіне қосылу туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Абай даңғылы, 44, тел.: 292-38-77..

ЖОҒАЛТУ

4. «АвтоТрансГаз» ЖШС (БСН 130940024828) 2023 жылғы 24 қаңтарда Алматы қаласында №11 бағыттағы жолаушылар автобусында 2018 жылғы 29 желтоқсанда берілген №29 Жолаушылар мен жүкті жүйелі қалалық автокөлікпен тасымалдауды ұйымдастыру келісімшарты, 2016 жылғы 26 қазанда берілген №45 Жолаушылар мен жүкті жүйелі қалалық автокөлікпен тасымалдауды ұйымдастыру келісімшарты, 2016 жылғы 26 қазанда берілген №50 жолаушылар мен жүкті жүйелі қалалық автокөлікпен тасымалдауды ұйымдастыру келісімшарты жоғалды. Тауып алған жандардың мына мекенжайға хабарласуын сұраймыз: Алматы қаласы, 13 военный городок көшесі, 52 үй, 41 пәтер. Тел.: 87759902800.

«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» ЖШС ұжымы корпорация директоры Досымбек Өтеғалиевтің **әкесі Қонысбектің** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,
8 (708) 929-98-74
E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.
ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.
«КАИРОС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalyubayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.
ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: pazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Қөкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

